**Жоғары оқу орындарының әскери кафедраларында оқу процесін ұйымдастыру және өткізу жөніндегі Нұсқаулықты бекіту және жүзеге асыру туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2000 жылғы 1 наурыздағы N 46 бұйрығы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2000 жылғы 7 наурыздағы N 202 бұйрығы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 24 маусымда тіркелді. Тіркеу N 1172. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2010 жылғы 18 қазандағы № 808 және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2010 жылғы 19 қазандағы № 488 бірлескен бұйрығымен

Күші жойылды - ҚР Қорғаныс министрінің 2010.10.18 № 808 және ҚР Білім және ғылым министрінің 2010.10.19 № 488 бірлескен бұйрығымен.

Оқу орындарында және әскерлердегі оқу жиындарында студенттердің әскери даярлығын ұйымдастыру, жоспарлау, өткізу және бақылау әдістемесінің бірлігін орнату мақсатында Бұйырамыз:

1. Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарындағы әскери кафедраларда оқу процесін ұйымдастыру және өткізу жөніндегі Нұсқаулық бекітілсін және жүзеге асырылсын.

2. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Кадрлар және әскери білім департаментіне жүктелсін.

3. Бұйрық лауазымды адамдарға қатысты бөлігінде жеткізілсін.

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2000 ж."___"_______N____ бұйрығымен бекітілген

**Жоғары оқу орындары жанындағы әскери кафедраларда оқу процесін ұйымдастыру және жүргізу жөніндегі Нұсқаулық 1. Жалпы ережелер**

1. Жоғары оқу орындарының әскери кафедраларында студенттерді әскери даярлау (әрі қарай мәтін бойынша жоғары оқу орындары-оқу орындары) - оларды оқыту мен тәрбиелеудің жүйелі де мақсатты процесі болып табылады.

Студенттерді әскери даярлау жөніндегі оқу процесін ұйымдастыруда мына құжаттар негізгі болып табылады: Жоғары оқу орындарының студенттерін ( курсанттарын) запастағы офицерлер бағдарламасы бойынша әскери даярлау туралы Ереже, Жоғары оқу орындары жанындағы әскери кафедралар туралы Ереже (Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 3 қазандағы N 1094 қаулысымен бекітілген) және тиісті мамандықтар бойынша оқу орындарының студенттері қатарынан запастағы офицерлердің әскери даярлық бағдарламалары (әрі қарай мәтін бойынша - әскери даярлық бағдарламалары).
Қараныз P060000449

Студенттерді әскери даярлықтан өту үшін тіркеу жоғары оқу орындары жолындағы әскери кафедралар туралы Ережеге сәйкес ұйымдастырылады.

Әскери даярлықтан өтуге тіркелген студенттердің нақты тізімі әскери кафедра бастығының ұсынысы бойынша оқу орны ректорының бұйрығымен рәсімделеді.

Әскери даярлыққа алынған студенттер 15-20 адамнан оқу взводтарына бөлінеді.

2. Әскери кафедралардағы әскери дайындық жөніндегі оқу процесіне мыналар жатады: оқу жұмысы, оқытушылар құрамы мен оқу-қосымша персоналдың біліктілігін арттыру; әдістемелік жұмыс; әскери-ғылыми, ғылыми-зерттеу, шығармашылық және рационализаторлық жұмыстар; оқу материалдық-техникалық базаны дамыту мен жетілдіру; жалпы тәртіпті және құпиялық тәртібін сақтау жөніндегі жұмыстар; студенттердің әскери білімдердегі оқу жиындары; сынақтар, курстық жұмыстар және оқу бітіру емтихандары; студенттердің әскери даярлығының сапасына басшылық жасау және қадағалау.

## 2. Оқу жұмысы

3. Оқу жұмысы запастағы офицерлерді даярлау жөніндегі әскери кафедралар қызметінің негізгі түрі болып табылады. Ол студенттерді әскери даярлауды ұйымдастыру, оның ғылыми және тәжірибелік мазмұны, сонымен қатар белгілі әскери мамандық бойынша игеретін теориялық білімі мен практикалық дағдыларды айқындайтын оқу бағдарламаларына сәйкес жүргізіледі. Оған оқу жұмыстарының барлық түрлерін жоспарлау, ұйымдастыру және жүргізу, әскери білімдердегі оқу жиындарында және оқу орындарында оқу материалдарын игеруге ағымды және қорытынды бақылау жасау жатады.

Студенттерді әскери даярлау, әдетте, әскери күн тәртібі әдісі бойынша

аптасына бір рет жүргізіледі: 6 оқу сағаттары, 2 сағат өз бетінше даярлану оқуға жарату алдында 2 минут және хабарлау мен жаттығу жұмыстарын жүргізуге 30 минут уақыт бөлінеді.

4. Әскери кафедраларда оқу сабақтарының төмендегідей негізгі түрлері жүргізіледі: дәрістер, семинарлар, топтық жаттығулар мен сабақтар, практикалық, лабораториялық, тактикалық-саптық, тактикалық жаттығулар мен сабақтар, курстық және бақылау жұмыстары, студенттердің өз беттерінше даярлықтары.

Сабақтар оқу взводының құрамында жүргізіледі. Оқу-ұрыс техникасын зерделеу сабақтары, топографиялық жұмыстарды орындау, топографиялық карталармен жұмыс істеу сабақтары, сондай-ақ имитациялық құралдарды қолдана отырып жүргізілетін жаттығулар кезінде оқу взводтары 7-10 адамнан құралатын жартылай взводтарға бөлінеді.

Радиоактивті, улы және жарылғыш заттарды, улы, агрессивті және жарылғыш сұйық заттарды, сонымен қатар ұрыс оқтарын, снарядтарды, гранаталарды қолданумен байланысты оқу сабақтарын жүргізу кезінде, және де суға сүңгу жаттығуларын жүргізу кезінде взводтар құрамы 7 адамнан аспайтын оқу топтарына бөлінеді.

5. Дәрістер оқытылып жатқан пән бойынша білім негіздерін беруге, оқу материалының ең қиын мәселелерін диалектикалық өз арақатынасында шешуге, студенттердің шығармашылық ой-өрісінің дамуына әсер етуге, қазіргі кездегі ғылым мен техниканың жетістіктерін және теория мен практиканың маңызды мәселелерін көрсетуге тиіс және студенттердің өз бетімен істейтін жұмыстарын және жаттығулардың басқа да түрлерін ұйымдастыру мен өткізу үшін негіз болып табылады.

Дәрістерді оқу орындары әскери кафедраларының бастықтары, олардың орынбасарлары, цикл бастықтары, аға оқытушылар оқиды. Әскери кафедра бастығының бұйрығымен дәрістерді оқуға ең тәжірибелі оқытушылар жіберіледі.

Дәріс мәтіндері пән-әдістемелік комиссиялардың (циклдардың) мәжілістерінде талқыланып, оны кафедра (цикл) бастығы бекітеді.

6. Семинарлар студенттердің дәрістерден және оқу материалын өз беттерімен меңгеру процесінде алған білімдерін тереңдету және нығайту мақсатында әскери пәндердің негізгі әрі күрделі тақырыптары немесе бағдарлама бөлімдері бойынша жүргізіледі.

Семинар жоспары пәндік-әдістемелік комиссияның мәжілісінде талқыланады, оны әскери кафедраның (циклдың) бастығы бекітеді және студенттерге семинар басталар алдында 2-3 апта бұрын беріледі.

7. Топтық жаттығулар теориялық білімді тереңдету және бекіту, студенттерге машықтар мен тәжірибелік дағдыларды беру мақсатында жүргізіледі. Топтық

жаттығулар студенттерге ұрыс қимылдарын ұйымдастыру қабілеті мен ұрыс кезінде бөлімшелерді басқару дағдыларын дамыту үшін тактикалық пәндер бойынша жүргізіледі. Олар карталар бойынша сыныптарда, оқу командалық орындарда (пункттерде) және нақты тактикалық жағдайдағы жергілікті жерде тактикалық мәселелер мен лездемелерді шешу, есеп-шоттар жүргізу және ұрыс құжаттарын дайындау жолымен жүргізіледі. Топтық жаттығуларда студенттер бірдей жұмыс орындайды, яғни белгілі бір қызмет міндеттерін орындайды.

Топтық жаттығулар бағдарламаларда қарастырылған оқу материалдарын, қару-жарақ пен техниканы зерделеу, оларды қолдану, іске асыру, жөндеу және сақтауды ұйымдастыру мақсатында жалпы әскери, әскери-техникалық және әскери-арнайы мамандықтар бойынша жүргізіледі.

Олар арнайы сыныптар және оқу объектілерінде жүргізіледі.

8. Тәжірибелік жаттығулар қару-жарақ пен әскери техниканы меңгеру, оларды қолдану, пайдалану, жөндеу және сақтау әдістерін үйрену, есептер мен реттеу жұмыстарын жүргізу, ұрыс және қызмет құжаттарын қайта әзірлеу мен рәсімдеу, жұмыс карталарын жүргізу, сондай-ақ оқыту бағдарламасына сәйкес нормативтер мен басқа да мәселелерді шешу мақсатында жүргізіледі.

Сонымен қатар, практикалық сабақтарда студенттердің бөлімшелерді басқару , қару-жарақты қолдану, машина жүргізу, техникамен жұмыс істеуге қатысты алған білімдері мен дағдылары жетілдіріледі.

Практикалық сабақтар жаттығулар әдісімен жүргізілуі мүмкін.

Оқу орнындағы экипаждың, топтың, әр студенттің практикалық жұмысы олардың негізгі мазмұны болып табылады.

9. Зертханалық жұмыстар студенттердің зертханалық құрал-жабдықтармен, аспаптармен өз бетінше жұмыс істеуі, тәжірибелік зерттеулерді жүргізу кезінде білімдерін нығайту және тереңдету, алынған нәтижелерді жинақтау үшін өткізіледі.

Оқу сабақтары зертханаларда немесе арнайы жабдықталған кабинеттерде өткізіледі. Жұмыс (оқу сабағы) аяқталған кезде студенттер әскери кафедра бекіткен нысан бойынша оқытушыларға өздерінің есептерін көрсетеді.

10. Тактикалық-саптық жаттығулар тактикалық оқу-сабақтарының және ұрыс даласында іс-қимыл жасау алдында бөлімшелердің әдістері мен тәсілдерін орындау техникасын студенттердің пысықтауы мақсатында жүргізіледі. Іс-қимыл әдістері мен тәсілдері оқу сабақтарында қайталану жолымен игеріледі. Кезекті оқу мәселесін орындауға көшу тек іс-әрекеттердің игерілген әдістері мен тәсілдері дұрыс меңгерілген және нақты орындалған жағдайда ғана жүзеге асырылады. Әрбір оқу мәселесіне практикалық жағдай жасалады. Бұл жаттығулар оқу-тактикалық далада немесе жергілікті жерде жабдықталған учаскеде материалдық бөлімді қатыстыра отырып немесе оларсыз ("машина

бойынша жаяу", танк бойынша жаяу") жүргізіледі.

11. Тактикалық (тактикалық арнайы) сабақтар мен оқу-жаттығулары студенттерді практикалық оқытудың, бөлімшелердің ұрыс іс-әрекеттерін ұйымдастырудың және оларды ұрыста басқарудың негізі болып табылады.

Тактикалық сабақтарда ұрыс жағдайындағы негізгі міндеттерді орындау жөніндегі дағдылар мен іскерлік жетілдіріледі. Сабақтардағы оқу мәселелері тактикалық жағдай мен түпкі ойға, уақытқа, психологиялық факторларды есепке ала отырып зерделенетін ұрыс түрінің сипатына сай келетін қарқында пысықталады.

Тактикалық жаттығулар студенттерді даярлаудың соңғы кезеңі болып табылады, әдетте, бірнеше ұрыс түрлерін қамтитын кешенді тақырыптар бойынша өткізілетін оқу жиындарында жүргізіледі.

Олардың мақсаты - ұрыс іс-әрекеттеріне барынша жақын жағдайда басқа пәндер және тактикалық даярлық бойынша алған студенттердің қабілеті мен іскерлігін, дағдыларын жетілдіру және бекіту.

12. Жаттығулар оқытушылардың басшылығымен, күн тәртібінде белгіленген уақытта, жалпы әскери дайындық, тактикалық, атыс және арнайы даярлықтың кейбір тақырыптары бойынша жүргізіледі.

Жаттығулар оқу-ұрыс техникасы мен қару-жарағын қолдана отырып парктерде, оқу-жаттығулық қалашықтарда және басқа да оқу объектілерінде жүргізіледі.

Олар студенттердің бөлімшелерді басқарудағы іскерлігін бекіту, әскери даярлық бағдарламаларында қарастырылған операцияларды, мәселелерді, нормативтерді, жаттығулар мен басқа да мәселелерді орындау мақсатында өткізіледі.

Жаттығулар кезінде оқу орындарының санына қарай взводтар жартылай взводтарға (топтарға, экипаждарға) бөлінеді.

13. Әскери даярлық бағдарламасында көрсетілген курстық жұмыстар студенттердің білімін бекітуге және сол білімдерін түрлі практикалық мәселелерді шешуде өз бетінше қолдана білулеріне арналған.

Курстық жұмыстардың тапсырмаларын кафедралар (циклдар) әзірлейді, ол әскери кафедралардың мәжілістерінде қарастырылады да, оны әскери кафедралардың бастықтары бекітеді. Жаттығуларда курстық жұмыстың тақырыбы, негізгі мәселелері, қолданылған әдебиеттер тізімі, орындалу уақыты мен жетекшісі көрсетіледі. Курстық жұмыстардың жетекшілері болып әскери кафедраның оқытушылары тағайындалады.

14. Бақылау жұмыстары сұрақтарға жазбаша жауап беру немесе өткен материал көлеміндегі тапсырмалар мен лездемелерді шешу түрінде орындалады. Әр бақылау жұмысы бойынша жаттығулар мазмұнын және оның өткізілу

тәртібін әскери кафедра бастығы бекітеді.

15. Студенттердің өз бетінше даярлануы оқу-тәрбиелік процестің маңызды бөлігі болып табылады. Ол студенттер үшін міндетті болып саналып, күн тәртібі мен жаттығулар кестесінде көрсетіледі. Өз бетінше даярлану жұмыстары, әдетте, әскери даярлық күні оқу взводының құрамында оқытушылар басшылығымен өткізіледі.

Кейбір пәндер бойынша студенттердің сабақтан тыс уақытта орындаулары үшін жаттығулар берілуі мүмкін. Қосымша сабақтар семинарларға, сынақтарға, емтихандар мен курстық жұмыстарға даярланған кезде студенттерге көмек көрсету мақсатында өткізіледі. Олар әр қайсысына жеке немесе жалпы топқа жүргізілуі мүмкін.

16. Әскери және имитациялық құралдарды, жарылғыш және улы заттарды немесе олардың компоненттерін қолдана отырып жүргізілетін лабораториялық жұмыстар және практикалық жаттығулар алдында, сондай-ақ қысымы мен күші жоғары құрал-жабдықтармен жұмыс істер, такелажды жұмыстар жүргізер бұрын және басқа да қажетті жағдайларда студенттер әскери кафедрада әзірленетін қауіпсіздік шаралары жөніндегі нұсқаулықпен қолхат жазу арқылы танысады. Даярланбаған студенттер практикалық сабақтарға жіберілмейді.

Жаттығулар кезінде, әсіресе штаттық қарудан атып үйренуде, жүргізуде, құралдармен жұмыс істеуде әскери техниканы, қару-жарақты, құрал-жабдықтарды дұрыс қолданудағы және студенттердің, сондай-ақ сабақтарды қамтамасыз ететін жеке құрамның қауіпсіздік шаралары мен ережелерін ұстанудағы жауапкершілікті оның жетекшісі өз мойнына алады.

17. Ағымдағы бақылау жаттығулардың жүргізілу сапасы жөнінде, студенттердің оқу материалын игергендігі туралы және оқу жұмысының басқа мәселелері бойынша жедел ақпарат алу мақсатында әскери кафедра бастықтарының (әскери бөлім командирлерінің) бекіткен жоспарлары негізінде әскери кафедраның (оқу жиынының) басқарушы құрамымен, цикл бастықтарымен және аға оқытушылармен жүргізіледі. Ағымдағы бақылау нәтижелері жинақталып, жылына кем дегенде бір рет (оқу жиынында) кафедра мәжілісінде (әдістемелік кеңесте) талқыланады.

Студенттердің оқу материалын игергендігін тексеретін ағымдағы бақылауды сондай-ақ әр оқытушы жүргізеді. Ол сабақ кезінде таңдаулы және негізгі сұрақтарды қою, жеке әңгімелесу, конспектілер мен түрлі есеп құжаттарын, бақылау жұмыстарын, лездемелерді тексеру, өз бетінше жұмыс істеуге арналған тапсырмаларды және т.б. тексеру түрінде өткізіледі. Ағымдағы бақылау кезінде оқытушы сондай-ақ студенттердің жеке қасиеттерін тексереді. Ағымдағы бақылау негізінде барлық пәндер бойынша әр семестрге қорытынды баға шығарылады.

Қорытынды бақылау (сынақтар, курстық және бітіру емтихандары) белгілі мамандық бойынша көзделген оқу жетістіктерінің деңгейін анықтау үшін өткізіледі. Ол осы Нұсқаулықтың 11 тарауында көрсетілген талаптарға сәйкес жүзеге асырылады.

18. Оқу жұмысын жоспарлау: әскери даярлық бағдарламасының толық және сапалы орындалуын, бағдарлама пәндері мен тарауларын өту кезектілігін, оқытушы құрамның біркелкі оқу жүктемесін, студенттерді практикалық жағынан оқыту үшін әскери кафедраның оқу материалдық-техникалық базасының қолдануын қамтамасыз ету керек. Әскери даярлықты жоспарлау бойынша құжаттардың өңделуі оқу жылының басталуынан екі апта бұрын аяқталуы тиіс.

19. Әскери кафедрада оқу жұмысын жоспарлауға: әскери даярлық пәндерін оқудың құрылымдық-логикалық кестесін, әскери кафедра жұмысының оқу жылына арналған жоспарын, әскери кафедра жұмысының бір айға арналған жоспарын, оқытушы құрамның бір жылдық оқу жүктемесінің сағаттар есебін, студенттерді әскери оқытудағы әр жыл сағаттарының есебін, әскери даярлық бағдарламасын өтудегі жоспар-кестесін, әскери даярлық пәндері бойынша тақырыптық жоспарларды, сабақ кестесін, оқытушылар жұмысының жеке жоспарларын, студенттердің бойына командалық және әдістемелік қабілеттерді сіңдірудің кешендік жоспарын өңдеу жатады.

Әскери кафедраларда аталған құжаттардан басқа әскери даярлық бағдарламаларының талаптарынан шығатын жоспарлау, ұйымдастыру мен есептеу бойынша қажетті құжаттар да өңделуі мүмкін.

20. Пәндерді оқудың құрылымдық-логикалық кестесі әскери даярлықтың пәндерін, тарауларын, тақырыптарын оқуда логикалық кезектілікті қамтамасыз ету мақсатында өңделеді. Ол еркін түрде орындалып, әскери кафедра бастығымен бекітіледі.

21. Әскери кафедраның оқу жылына арналған жоспарында (1 қосымша) оқу жылында өткізілетін барлық жұмыстардың тізімі көрсетілу керек. Ол айлық жұмыс жоспарын өңдеуге арналған бастапқы құжат болып табылады және оған: оқу, әдістемелік, тәрбие жұмысы жөніндегі жалпы мәселелер, студенттердің әскери дайындығы, офицерлер мен прапорщиктердің кәсіби даярлығы, әскери-патриоттық тәрбие, жаппай-қорғаныс, әскери-ғылыми, ғылыми-зерттеу, шығармашылық және рационализаторлық жұмыстар, құпиялық режим, оқу материалдық-техникалық базасын дамыту мен жетілдіру бойынша оқу жылында өткізілетін нақты жұмыстар, кадрлармен жұмыс істеу, есеп құжаттарын құру бойынша ішкі жағдайды тексеру комиссиялары және т.б. жатады.

Әскери даярлықтан өтіп жатқан студенттерді әскери-патриоттық жағынан тәрбиелеу мәселелері кафедра жұмысының жоспарына енеді. Жаппай-қорғаныс жұмысы оқу орнындағы қоғамдық ұйымдардың келісімі бойынша жоспарланады.

Бір айлық жұмыс жоспары жылдық жоспар және әскери даярлыққа жетекшілік ететін бастықтардың тапсырмалары негізінде құралады.

Әскери кафедраның жылдық жоспарын оқу орнының ректоры, айлық жоспарын - әскери кафедра бастығы бекітеді.

22. Оқытушы құрамның жылдық жүктемесінің сағаттар есебі (2 қосымша) оқу жылына семестрлер бойынша құралады және ол бекітілген нормалар көлемінде кафедра оқытушы құрамының жұмысын біркелкі қамтамасыз ету керек.

Есеп оқу бағдарламасының, оның өту жоспар-кестесінің, тақырыптық жоспарлардың негізінде құралады және оқу орнының ректорымен бекітіледі.

23. Студенттер әскери даярлығының жылдық сағаттар есебі (3 қосымша) әскери мамандықтар мен оқу взводтары бойынша әскери даярлықтың барлық кезеңіне әзірленеді және оқу орнының ректорымен бекітіледі.

24. Студенттердің әскери даярлықтан өту бағдарламасының жоспар-кестесі (4 қосымша) жоспарлау құжаты болып табылады. Онда пәндер мен тақырыптарды оқудағы кезектілікті қатаң сақтаумен жалпы бағдарламаның өткізілу тәртібі көрсетіледі. Жоспар-кесте әр әскери мамандық үшін студенттердің әскери оқу жылдары бойынша құралады және әскери кафедра бастығымен бекітіледі.

25. Тақырыптық жоспарлар (5 қосымша) бағдарлама негізінде әскери даярлықтың барлық пәндері бойынша әзірленеді. Онда тақырыптарды оқудағы кезектілік, оқу уақытының сабақтар бойынша бөлінуі, оқу сұрақтары, сабақтардың оқу және тәрбиелік мақсаты, өткізілетін орны, олардың материалдық қамтамасыздығы және әдебиеті көрсетілген, өз бетінше дайындыққа арналған оқушылардың тапсырмалары анықталады.

Тақырыптық жоспарлар әскери даярлық бағдарламасы жұмысының барлық кезегіне, соның ішінде әскери бөлімдердегі студенттердің оқу жиындарына құралады және жыл сайын Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің жаңа жетекші құжаттарының, әскерлер мен әскери-оқу орындары үздік тәжірибесінің талаптарын есепке ала отырып қайта қаралады. Осы мақсатта әскери кафедра бастықтарына жаңа тақырып енгізу және сол пән бойынша сабақ түрлерінің әрқайсысына белгіленген сағаттар санының 15% дейінгі уақытты сабақтар түрлері бойынша қайта белгілеу құқы беріледі.

26. Әскери кафедрадағы сабақтар кестесі оқу орны үшін бекітілген нысан бойынша семестрге немесе бір айға, оқу жиындарында - жиындар кезегіне (роталарда - бір аптаға) құралады. Ол жоспар-кестелерге, тақырыптық жоспарларға сәйкес әзірленеді және кафедра бастығымен (оқу жиынының бастығымен) бекітіледі.

27. Оқытушылар жұмысының жеке жоспарлары оқу жылына (6 қосымша)

және бір айға құралады. Онда жоспарланған және орындалған жұмыстардың барлық түрлері көрсетіледі: оқу, әдістемелік, әскери-ғылыми, ғылыми-зерттеу, рационализаторлық, шығармашылық жұмыс; кәсіби даярлық; әскери-патриоттық тәрбие бойынша жұмыс; жаппай-қорғаныс жұмысы; оқу материалдық-техникалық базасын дамыту мен жетілдіру бойынша жұмыс; жеке тапсырмаларды орындау; студенттермен жеке жұмыс жүргізу және т.б.

Оқытушылар жұмысының жеке жоспарын әскери кафедраның бастығы, ал кафедра бастығының жоспарын оқу орнының ректоры бекітеді.

28. Жоспарлау құжаттарынан басқа әскери кафедрада: сабақтардың және студенттермен, оқу-көмекші персоналмен тәрбие жұмысын жүргізудің есеп және оқу-сабақтарын бақылау журналдары, кафедралар (циклдар) мен оқу-әдістемелік комиссиялар мәжілістерінің хаттама кітаптары, студенттердің жеке карточкалары , офицерлер кәсіби даярлығының есепке алу парақтары жүргізіледі.

29. Сабақтар мен тәрбие жұмысын есепке алу журналы студенттердің әскери даярлықтан өткендігін, үлгерімін, сабақтарға қатысуын және өз бетінше даярлықтарын есепке алатын негізгі құжат болып табылады. Ол 7 қосымшада көрсетілген ұсыныстарға сәйкес оқу взводына рәсімделеді.

30. Оқу-сабақтарын бақылау журналын (8 қосымша) тексеруші толтырады. Онда сабақ жетекшісінің дайындық сапасы, оның әдістемелік дағдылары, сабақтың материалдық қамтамасыздығы, студенттердің белсенділігі мен тәртібі белгіленеді.

Соңында оқу және тәрбиелік жетістіктерге қол жеткендігі туралы қорытынды жасалып, сабақ өткізу әдістемесін жақсарту бойынша ұсыныстар көрсетіледі және жетекшіге баға қойылады. Бақылаудың нәтижесі қол қою үшін тексерушіге дейін жеткізіледі.

31. Әскери кафедралар (циклдар) мен оқу-әдістемелік комиссиялар мәжілістерінің хаттама кітаптары кафедра бастығының бұйыруы бойынша жүргізіледі, онда қаралатын сұрақтардың мазмұны мен сөз сөйлеушілердің ұсыныстары, олар бойынша орындаушылар мен орындалған мерзімі көрсетілген шешімдер баяндалады. Мәжіліс хаттамаларына кафедра (цикл) бастықтары, пән-әдістемелік комиссиялардың төрағалары қол қояды.

32. Студенттердің жеке карточкалары (9 қосымша) оқу орнындағы олардың әскери даярлығы басталғаннан жүргізіледі. Оны оқу взводтарына жауапты оқытушылар оқу кезінде және семестр соңында толтырады.

33. Студенттердің бойына командалық және әдістемелік дағдыларды сіңдірудің кешендік жоспары (9 қосымша) әскери кафедрада командалық бейіннің әр әскери мамандығы үшін жеке құжат болып әзірленеді.

Пән бойынша оқу-сабақтарын жүргізетін оқытушылар белгілі дағдыларды үйрену жаттығулары кезінде, кешендік жоспар негізінде, қатысып отырған

студенттердің санын анықтайды және сабақтар мен тәрбие жұмысын есепке алу журналында олардың жалпы есебін жүргізеді.

34. Әскери кафедралардың циклдарында: жұмыстың айлық жоспарлары; цикл өткізетін сабақтарды материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз ету жоспары ; цикл мәжілістеріндегі хаттамалардың кітабы; әдістемелік жұмыстың, офицерлердің цикл құрамында жаттығуының, оқытушылардың, оқу-көмекші құрамның және студенттердің қауіпсіздік шаралары мен ережелері бойынша нұсқаулықтарының, оқу-көмекші құрамның арнайы даярлығы бойынша сабақтардың есеп журналы әзірленеді және жүргізіледі.

35. Оқу жылына әзірленген студенттердің әскери даярлығын жоспарлау мен өткізу жөніндегі құжаттар әскери кафедрада үш жыл сақталады да, содан кейін белгілі тәртіпте жойылады.

36. Әскери кафедрада тарихи анықтама жүргізіледі. Онда: кафедраның құрылған күнінен бері оның қызметінде болған негізгі жаңалықтар, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің және Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жоғары құрам тұлғаларының, шет ел өкілдерінің кафедраға келуі; кафедраның штаттық құрылымы және ондағы өзгерістер; әскери даярлықтан өтіп жатқан студенттер саны туралы мәліметтер; белгілі мамандықтар бойынша запастағы офицерлердің жыл сайын оқу бітіруі; кафедраның марапатталуы, кім және қай кезде бастық болғаны; оқу-тәрбие жұмысын жүргізу, оқу материалдық-техникалық базасын құру мен дамыту бойынша негізгі іс-шаралар; кафедраның негізгі құрамы және оны бітіруші - запастағы офицерлер қатарынан ерекше көзге түскендердің аты-жөндері көрсетіледі.

Тарихи анықтама бір данада жүргізіліп, әр оқу жылының аяғында толықтырылады да есеп құжаты ретінде рәсімделеді.

Тарихи анықтама материалдары мен әскери кафедра дәстүрлері кафедраның жеке құрамымен және студенттермен тәрбие жұмысын жүргізуде қолданылады.

## 3. Оқытушы құрамның біліктілігін арттыру

37. Оқытушы құрамның идеялық-теориялық деңгейі мен кәсіби біліктілігін арттыру оқу-тәрбие процесін және әскери кафедраның жалпы қызметін жетілдірудің негізгі шарты болып табылады. Ол: кәсіби даярлық жүйесінде, офицерлер құрамын жетілдіру мен қайта даярлау курстарында, әскерлер мен әскери-оқу орындарындағы тағылымдамада, сондай-ақ оқу, әдістемелік және тәрбие жұмысының барлық түрлерін өткізуде, әскери және арнайы білімді жетілдіру бойынша өз бетінше жұмыс істеу процесінде, әскери және команда-штабтық жаттығуларда жүзеге асырылады.

38. Офицерлер мен прапорщиктердің кәсіби даярлығы Қазақстан

Республикасы Қорғаныс министрінің, Қорғаныс министрінің тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыстар жөніндегі орынбасары - Тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыстар департаменті бастығының бұйрықтары мен директиваларының, жауынгерлік даярлық бойынша ұйымдастыру-әдістемелік тапсырмалар мен кәсіби даярлық бағдарламаларының талаптарына сәйкес әскери кафедра бастығымен ұйымдастырылады және өткізіледі.

39. Офицерлер мен прапорщиктерді кәсіби даярлаудың негізгі мақсатына олардың идеялық-теориялық деңгейін, әскери-кәсіби және әдістемелік білімдері мен дағдыларын жүйелі түрде жетілдіру жатады.

40. Әскери кафедралардағы кәсіби даярлық жоспарлары оқу жылына әзірленеді және олардың бастықтарымен бекітіледі. Жоспарларды әзірлеудің негізіне кәсіби даярлық бағдарламасы, сондай-ақ бекітілген әскери мамандықтар бойынша студенттердің әскери даярлығына жетекшілік ететін тиісті бастықтармен оқу жылына қойылған қосымша тапсырмалар жатады.

Жоспарда жалпы ұйымдастыру-әдістемелік нұсқаулықтар, даярлық пәндері, айлар мен оқу топтары бойынша сағаттар есебі, мамандық бойынша оқу сабақтарының, тапсырмалар мен жаттығулардың тақырыптары, кәсіби және мемлекеттік-құқықтық даярлық топтарының құрамы көрсетіледі.

41. Әскери кафедрадағы офицерлер мен прапорщиктердің кәсіби даярлығына: мемлекеттік-құқықтық дайындық (Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі Тәрбие және әлеуметтік-құқықтық департаментінің тақырыптық жоспарлары бойынша жоспарланады), құқықтық жалпы білім беру, әскери педагогика мен тактикалық (тактикалық-арнайы) психология, әдістемелік, жұмылдыру, арнайы, техникалық, атыс саптық және дене даярлығы, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Жарғылары жатады.

Кәсіби даярлық кезінде, сондай-ақ студенттердің әскери даярлығы бойынша жетекші құжаттарды зерделеу қарастырылады.

42. Кәсіби даярлық сабақтарының негізгі түрлеріне: дәрістер, семинарлар, топтық сабақтар мен жаттығулар, команда-штабтық, тактикалық ( тактикалық-арнайы) жаттығулар, практикалық сабақтар, өз бетінше жұмыстар мен сынақтар жатады. Сонымен қатар, кафедрада мамандық, саптық және дене даярлығы бойынша студенттермен өткізілетін сабақтардан тыс уақытта ай сайын әскери-техникалық ақпарат пен жаттығулар жоспарланады және өткізіледі.

Тактикалық (тактикалық-арнайы), арнайы және әдістемелік даярлық бойынша білімді арттыру мақсатында әр офицерге жылдың бірінші және екінші жартысына офицерлер дайындығының нақты деңгейіне байланысты кафедра бастығымен белгіленетін жеке тапсырмалар беріледі. Жеке тапсырмалар реферат, баяндама, ақпараттық материалдарды, үздік тәжірибені және т.б. қарау түрінде орындалады. Тапсырмаларды орындау нәтижелері бойынша кафедра бастығы

қарамағындағы офицерлермен әңгіме-кеңес өткізіп, олардың жұмысына қорытынды мен баға шығарады.

43. Әскери кафедралардағы кәсіби даярлық сабақтары студенттердің жазғы және қысқы демалыстары кезінде бес күндік екі жиында және жиындар арасында жоспарланып өткізіледі. Кәсіби даярлық жоспарының негізінде бір айға ( жиындар кезеңіне) кәсіби даярлық сабақтарының кестесі құрылады.

Офицерлердің сабақтарға қатысуы және білімдерінің бағалары есеп журналдарында тіркеледі. Жылдық бағалары офицерлер кәсіби даярлығының есеп парақтарына енгізіледі.

44. Кәсіби даярлық топтары офицерлердің мамандықтарына байланысты құрылады. Топ жетекшілері болып әскери кафедра бастықтары, олардың орынбасарлары, оқу бөлімдерінің бастықтары және цикл бастықтары тағайындала алады. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Кадрлар және әскери білім департаменті бастығының жарлығы бойынша әскери кафедра бастықтарының бірінің жетекшілік етуімен бірнеше оқу орындары бір мамандығының офицерлері және прапорщиктерімен гарнизондық кәсіби даярлық топтары құрылуы мүмкін.

Кәсіби даярлық сабақтарына барлық офицерлер, соның ішінде жоғары оқу орындарында сырттай оқитын офицерлер мен жоғары әскери-оқу орындарына түсу үшін бекітілген үміткерлерден басқа оқытушы қызметтеріне тағайындалған запастағы офицерлер де тартылады.

45. Кәсіби даярлықты жоспарлау құжаттары, сабақтар кестесі, кәсіби даярлық кезінде офицерлермен өңделген есеп журналдары мен құжаттар әскери кафедрада үш жыл сақталады, содан кейін белгілі тәртіп бойынша жойылады.

46. Оқытушы құрамын біліктілікті арттыру курстарына жіберу әр бес жыл сайын, ал әскерлердегі (әскери-оқу орындарына) тағылымдамаға - Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Кадрлар және Әскери білім департаменті бастығының жарлықтары негізінде өңделетін келешектегі (бес жылдық) және жылдық жоспарлардың негізінде 5-7 жылдан кейін жүзеге асырылады.

Біліктілікті арттыру курстарына ең алдымен жоғары қызметтерге тағайындалған офицерлер, сондай-ақ оқытушылық жұмыс тәжірибесі жоқ офицерлер жіберіледі.

47. Офицерлердің әскери тағылымдамасы тиісті командалық, инженерлік және басқа да қызметтерде мамандығы бойынша жұмыс істеуде олардың әскери-кәсіби білімдері мен дағдыларын жетілдіру мақсатында өткізіледі.

Әскери-оқу орындарындағы офицерлердің тағылымдамасы олардың әдістемелік деңгейін жетілдіру және оқытушы құрам жұмысының үздік тәжірибесін зерттеу мақсатында өткізіледі.

Әскерлерге және әскери-оқу орындарына тағылымдамаға жіберілетін

офицерлер үшін әскери кафедра бастықтары тағылымдамаға кемі бір ай қалғанда офицерлерге берілетін жеке тапсырмаларды өңдейді. Тағылымдама ұзақтылығы - бір-екі ай.

Офицер-оқытушылардың тағылымдамасы өткізілетін құрамалар, әскери бөлімдер мен әскери-оқу орындары Қарулы Күштер тектері тиісті қолбасшыларының жоспарларымен анықталады. Әскери кафедралардың келесі жылға арналған офицер құрамының тағлымдамасын өткізу туралы тапсырыстары жоспарланған жылдың алдындағы жылғы 1 шілдеге дейін Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Кадрлар және әскери білім департаментіне ұсынылады.

Тағылымдама аяқталған соң құрама, әскери бөлім командирі, әскери-оқу орнының бастығы әскери кафедраға тағылымдамадан өтушінің жұмысы туралы пікір жолдайды.

Запастағы офицерлер қатарынан шыққан оқытушылар оқу процесінің ұйымдастырылуын, оқыту әдістемесін, ғылыми зерттеулерді зерделеу, қазіргі кездегі оқу құралдарымен танысу мақсатында жоғары оқу орындары үшін бекітілген тәртіпте бір айлық мерзімге дейін мамандығы бойынша тек азаматтық оқу орындарына тағылымдамаға жіберіледі.

48. Әскери кафедралардың оқу-көмекші құрамымен олардың экономикалық және арнайы білімдері мен дағдыларын арттыру үшін ай сайын (4-6 сағат) оқу-сабақтары өткізіледі. Экономикалық сабақтар, әдеттегідей, оқу орнының барлық кафедралары үшін қабылданған жүйеде өткізіледі.

Өткізілген оқу-сабақтарының есебі сабақтарды есепке алу журналында тіркеледі.

## 4. Әдістемелік жұмыс

49. Әдістемелік жұмыс оқу процесінің маңызды бөлігі және әскери кафедрадағы оқытушы құрам қызметінің негізгі түрлерінің бірі болып табылады. Ол әскери білім беру мен студенттерді тәрбиелеу, оқытушылық шеберлікті арттыру әдістемесіне, ұйымдастырудың қолайлы әдістерін және оқу-тәрбие процесін жүргізуді өңдеу мен енгізуге бағытталу керек.

Әдістемелік жұмыстың негізгі нысандарына: Әдістемелік жиындар, нұсқау-әдістемелік, көрсету, ашық және сынақ сабақтары; оқытушы құрамның өзара сабақтарға қатысуы және нұсқаулықтар; кафедра (цикл) мәжілістері, әдістемелік кеңестер, пән-әдістемелік комиссия мәжілістері және әдістемелік конференциялар; оқыту және тәрбиелеу әдістемесі, сондай-ақ жалпы және әскери педагогика мен психология бойынша дәрістер мен баяндамалар; оқу және әдістемелік материалдарды өңдеу мен жетілдіру; оқу процесін

материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз етуді жетілдіру; әскери білім беру мен студенттерді тәрбиелеудің өзекті мәселелері бойынша ғылыми зерттеулер; әскерлер, әскери-оқу орындары және әскери кафедралар жауынгерлік даярлығының үздік тәжірибесін жалпылау және оқу процесіне енгізу; әдістемелік шеберлікті жетілдіру бойынша оқытушы құрамның өз бетінше жұмыс істеуі жатады.

50. Әдістемелік жиындар, әдетте, оқу жылы (семестр) басталар алдында өткізіледі. Онда оқу жылындағы әдістемелік және оқу-тәрбиелік жұмыстың қорытындылары шығарылады, ең маңызды оқу-сабақтарын өткізу әдістемесіне бірдей көзқарастар өңделеді, студенттердің әскери даярлығын өткізу бойынша жаңа талаптардың оқу процесінде қолдану тәртібі туралы нұсқаулар беріледі.

51. Нұсқау-әдістемелік оқу-сабақтары мен нұсқаулықтар жалпы тақырып немесе бағдарламаның жекелеген маңызды және күрделі мәселелері бойынша сабақ жүргізудің едәуір қолайлы әдістемелік тәсілдерін өңдеу, оқу сұрақтарын, оларды өңдеудің мазмұны мен әдістемесін оқытушылардың бірдей түсінуін қалыптастыру мақсатында өткізіледі. Нұсқау-әдістемелік оқу сабақтары әр пән бойынша семестрде кемі үш рет, әдеттегідей, жоспарланған тақырыптардың студенттермен зерделенуінен бір апта бұрын кафедра бастықтарымен, олардың орынбасарларымен, цикл бастықтарымен (аға оқытушылармен) және оқу жиындарының бастықтарымен өткізіледі.

Нұсқаулықтар жаңа тақырыптардың студенттермен зерделенуі алдында, әдеттегідей, бір апта бұрын цикл бастықтарымен және аға оқытушылармен өткізіледі.

52. Көрсету сабақтарын сабақтарды өткізудің үлгілі ұйымдастырылуы мен әдістемесін, қару-жарақ, әскери техника және оқытудың техникалық құралдарын қолданудың едәуір тиімді тәсілдерін көрсету мақсатында әскери кафедра (оқу жиындар) бастықтарының жетекшілігімен ең тәжірибелі әдістемешілер өткізеді.

Көрсету сабақтарына сол пән бойынша сабақ өткізуге қатысатын офицерлер тартылады. Олар студенттердің оқу взводтарында әр пәннен, әдеттегідей, ең маңызды және күрделі тақырыптар бойынша жылына кем дегенде бір рет өткізіледі.

53. Ашық сабақтар тәжірибе алмасу, сабақ өткізудің бірдей әдістемесін өңдеу, оқытушыларға, сондай-ақ студенттердің оқу жиындарындағы курсанттар бөлімшелерінің командирлеріне көмек көрсету мақсатында өткізіледі. Оларды әр мамандық бойынша бір семестрде кемі екі рет кафедра (цикл), оқу жиындары бастықтарының жетекшілігімен офицерлер өткізеді.

Әр ашық сабақ өткізілгеннен кейін кафедра мәжілісінде немесе сол сабаққа қатысқан офицерлермен талқыланады. Талқыланғаннан соң аға бастық өткізілген сабақтың жақсы жақтары мен кемшіліктерін айқындайды және келешекте сабақ

өткізудің ең орынды әдістері мен тәсілдері туралы нұсқау береді.

54. Сынақ сабақтар тек оқытушы құрам алдында жас оқытушылардың даярлығын анықтау және оларды студенттермен өз бетінше сабақ жүргізуге жіберу мақсатында өткізіледі. Сынақ сабақтар кафедра мәжілісінде талқыланады. Сабақ нәтижелері бойынша әскери кафедра бастығы оқытушының өз бетінше сабақ өткізуге даярлығы туралы қорытынды шығарады. Сынақ сабақтар, сондай-ақ оқытудың жаңа мәселелері бойынша жаттығулар ұйымдастыру мен оларды өткізу әдістемесін қарау үшін өткізіледі.

55. Сабақтарға өзара қатысу кафедра немесе цикл бастығының нұсқауы бойынша оқытушылардың оқу-тәрбиелік және әдістемелік тәжірибелерімен алмасуы үшін ұйымдастырылады. Әр оқытушы оған семестрде кемі бір рет қатысуы тиіс.

56. Әскери кафедра (цикл) мәжілістері әдістемелік жұмыстың негізі нысандарының бірі болып табылады. Оларды кафедра (цикл) бастықтары барлық оқытушы құраммен айына кемі бір рет өткізеді. Мәжіліске, қажет болған жағдайда, басқа кафедралардың, оқу орындарының оқытушы құрамы, әскери бөлімдер мен әскери комиссариаттардың офицерлері шақырылады.

Кафедра (цикл) мәжілістерінде тақырыптық жоспарларды жетілдіру, әскери кафедралар мен оқу жиындарындағы сабақтарды өткізу әдістемесін және кафедра (цикл) мәжілістерінде, сонымен қатар оқулықтар мен оқу құралдарының қолжазбалары, пәндерді оқыту әдістемесі, дәрістердің, әдістемелік өңдеулердің, тапсырмалардың мәтіндері және тағы басқа оқу-әдістемелік материалдар қаралады. Қабылданған шешімдері бар кафедра (цикл) мәжілістерінің хаттамаларына кафедраның (цикл) бастығы қол қояды.

57. Әдістемелік кеңестер кафедрада, сондай-ақ студенттердің оқу жиындары басшылығымен оқу-тәрбие жұмысы мен сабақ өткізу әдістемесінің мәселелері бойынша жиындар өткізуге тағайындалған қарамағындағы офицерлермен өткізіледі.

Әдістемелік кеңестер қажет болған жағдайда өткізіледі.

58. Пән-әдістемелік комиссиялардың мәжілістері олардың төрағаларымен өткізіледі. Мәжілістерде дәріс мәтіндері, әдістемелік өңдеулер, оқу тапсырмалары мен студенттерге арналған тапсырмалар, оқу сабақтарының барлық түрлерін өткізу әдістемесінің мәселелері, пән-әдістемелік комиссияның пәндері бойынша көрнекі құралдарын және оқытудың техникалық құралдарын қолдану талқыланады, сабақтар өткізу сапасын арттыру бойынша ұсыныстар өңделеді. Пән-әдістемелік комиссия мәжілісінің хаттамасына оның төрағасы қол қояды және ол әскери кафедра бастығымен бекітіледі.

59. Әдістемелік конференциялар әскери пәндерді оқытуды жақсарту, оқытушылар мен студенттердің ғылыми еңбектерін ұйымдастыру мәселелері

бойынша, сондай-ақ оқытушы құрам оқу-тәрбие жұмысының үздік тәжірибесін жалпылау мен тарату және жалпы оқу процесінің тиімділігін арттыру мақсатында өткізіледі. Оларға кафедра бастықтарымен бекітілетін тиісті ұсыныстар өңделеді.

Әдістемелік конференциялар әскери кафедра шеңберінде немесе гарнизонда бірнеше әскери кафедра оқытушыларымен ұйымдастырылады және өткізіледі.

60. Әр негізгі пән бойынша студенттер әскери даярлығының тиімділігі мен сапасын арттыру мақсатында әскери кафедрамен оқытудың жеке әдістемесі өңделеді. Онда: әскери маманды даярлау жүйесіндегі пәннің рөлі, орны мен маңыздылығы; оқыту мен тәрбиелеудің мақсаты, мәселелері мен негіздері; тақырыптарды оқудағы кезектілік, олардың мазмұны және басқа пәндермен байланысы; оқу-сабақтарының бірнеше түрлерін өткізудің маңыздылығы, қағидалары мен әдістемесі; командалық, әдістемелік және практикалық дағдыларды бойға сіңдіру әдістемесі; сынып-зертханалық, оқу-далалық және жаттығу базасының қажеттілігі мен оның оқу процесінде қолданылу әдістемесі; студенттердің өз беттерінше жұмысының ұйымдастырылуы; әскерлердегі оқу жиынында оқу-сабақтарын өткізудің бағыты мен әдістемесі; оқушылардың ағымдағы және қорытынды бақылауының жүйесі мен әдістемесі; оқытушылардың сабақтарға дайындалу әдістемесі көрсетіледі.

Студенттерді оқыту мен тәрбиелеу тәжірибесінің жиналуына байланысты кафедрада жеке әдістеменің қосымшалары рәсімделеді. Пән оқытудың жеке әдістемесін өңдеу үшін кафедра (цикл) бастығының жетекшілігімен тәжірибелі оқытушылар қатарынан шығармашылық топ құрылады. Жеке әдістемеге оқу бөлімдерінің бастықтары (цикл бастықтары) қол қояды және ол кафедра бастығымен бекітіледі.

61. Әдістемелік өңдеу практикалық сабақтар кезінде студенттерді әскери оқыту мен тәрбиелеуге оқытушылардың бірдей көзқарасын қамтамасыз ететін кафедраның құжаты болып табылады.

Әдістемелік өңдеу әр тақырып бойынша құралады. Ол бір немесе бірнеше сабақтардан тұруы мүмкін және онда: тақырыптың атауы, оқу және тәрбиелік мақсаты; оны өткізу бойынша жалпы ұйымдастыру-әдістемелік нұсқаулар; әр сабақ тақырыбының атауы, уақыты мен мақсаты, оқу сұрақтарының мазмұны; оқушылардың кәсіби-жауынгерлік, психологиялық және дене қабілеттерін орнату мен дамытудың, олардың бойына командалық және әдістемелік дағдыларды сіңдірудің тәсілдері мен әдістері; оқытудың техникалық құралдарын іске асыру, оқу-сабақтарының материалдық қамтамасыздығын қолдану әдістері; сабақ қорытындыларын шығару тәртібі; өз бетінше дайындыққа арналған нақты тапсырмалардың мазмұны көрсетіледі. Әдістемелік өңдеуге қоса үлгілер, орындары белгіленген топографиялық карталар, кестелер, технологиялық

карталар және сол тақырыпты өңдеуге қажетті басқа да материалдар ұсынылуы мүмкін.

Зертханалық және басқа да практикалық жұмыстарды жүргізу үшін ұйымдастыру, оқу-материалдық қамтамасыздық, студенттермен әр зертханалық, практикалық жұмысты өткізу мен орындау әдістемесі, сондай-ақ есептерді рәсімдеу бойынша тапсырмалар мен әдістемелік кепілдемелер өңделеді.

Зертханалық және практикалық жұмыстарды өткізуге арналған әдістемелік өңдеулер, тапсырмалар мен әдістемелік кепілдемелер цикл (пән-әдістемелік комиссия) мәжілісінде талқыланады және цикл (кафедра) бастығымен бекітіледі.

62. Әр оқу сабағын дайындау мен сапалы өткізу мақсатында сабақты өткізу жоспары құрылады.

Сабақты өткізу жоспары оқытушымен еркін түрде өңделеді және оған: сабақ тақырыбы; оқу және тәрбиелік мақсаты; өткізілетін уақыты мен орны; уақытын есепке ала отырып өңделетін оқу сұрақтарының тізімі; материалдық-техникалық қамтамасыздығы; оқу сұрақтарын өңдеу тәртібі; оқу сұрақтарының қысқаша мазмұны жатады.

Жоспардың нақты мазмұны оқу сабағының түріне, оқытушының дайындығы мен тәжірибесіне байланысты.

Сабақтың жоспарын құруда сол пән мен тақырып бойынша жеке әдістемеде, әдістемелік өңдеулерде және басқа да оқу құжаттарында көрсетілген әдістемелік кепілдемелер қолданылады. Сабақтың жоспары бекітілу үшін тікелей бастыққа, әдеттегідей, оның басталуына кемі екі күн қалғанда ұсынылады.

63. Студенттерді тәрбиелеу мен оқытудың үздік тәжірибесін жалпылау және тарату, оқытушылардың педагогтық шеберлігін арттыру үшін әскери кафедраларда әдістемелік кабинет құрылады, оның жұмысына кафедрадағы оқу бөлімі бастығының төрағалығымен әдістемелік кабинет кеңесі жетекшілік етеді. Әдістемелік кабинет кеңесіне түрлі оқу пәндері бойынша студенттерді оқытатын тәжірибелі оқытушылар қабылданады.

Әдістемелік кабинет кеңесі жұмысының негізгі нысандарына: студенттерді оқыту мен тәрбиелеудегі үздік тәжірибенің жинақталуы, талдануы және таратылуы; дәрістерді, ғылыми ақпаратты, баяндамаларды ұйымдастыру және әдістемелік жұмыс мәселелері бойынша кеңестер; библиография жүргізу және педагогтық әдебиет пен құжаттардың көрмесін ұйымдастыру жатады.

64. Әдістемелік жұмыс бойынша шаралар жеке тарау болып жылдық жоспарға енгізіледі және әскери кафедра (цикл) жұмысының айлық жоспарларында көрсетіледі.

Жылдық жоспарда: әдістемелік жиындар кезінде, сондай-ақ жиындар аралығындағы әдістемелік жұмыс күндері кафедрада өткізілетін нұсқау-әдістемелік, көрсету, ашық және сынақ сабақтары, сонымен қатар

оқытушылардың сабақтарға өзара қатысулары; кафедраның және пән-әдістемелік комиссиялардың мәжілістері, әдістемелік кеңестер; дәрістер, баяндамалар, хабарламалар; оқыту мен тәрбиелеу әдістемесі және оны ұйымдастыру, оқытудың техникалық құралдарын және оқу-көрнекі құралдарын қолдану мәселелері бойынша семинарлар; әдістемелік өңдеулерді, тапсырмаларды, емтихандық және басқа да оқу-әдістемелік материалдарды құру көзделеді.

Кафедрадағы (циклдардағы) әдістемелік шаралардың орындалуының есебі жұмыс жоспарларында белгілену және кафедра (цикл), пән-әдістемелік комиссиялар мәжілістерінің хаттамаларын рәсімдеу жолымен жүзеге асырылады.

Әскери кафедрада (циклда) студенттер әскери даярлығының пәндері мен тақырыптары бойынша (11 қосымша) әдістемелік құжаттар есебінің кітабы жүргізіледі.

## 5. Әскери-ғылыми, ғылыми-зерттеу, шығармашылық және рационализаторлық жұмыс

65. Әскери-ғылыми, ғылыми-зерттеу жұмысы әскери кафедрадағы оқытушылық құрам қызметінің маңызды түрі болып табылады. Оған әскери даярлықтан өтіп жатқан студенттер де қатыса алады. Шығармашылық және рационализаторлық жұмысқа кафедраның толық жеке құрамы, сондай-ақ студенттер қатысуы мүмкін.

Әскери-ғылыми, ғылыми-зерттеу және рационализаторлық жұмыстың негізгі мәселелері Оқу орындарының әскери кафедралары туралы Ережеде көрсетілген.

66. Әскери кафедралардағы әскери-ғылыми және ғылыми-зерттеу жұмысы бесжылдық және жылдық жоспарларға сәйкес ұйымдастырылып өткізіледі.

Әскери кафедрадағы әскери-ғылыми және ғылыми-зерттеу жұмысының келешек жоспары Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери-ғылыми орталығымен өңделген тақырып негізінде құрылады, оған сондай-ақ бастамалық тақырыптар да енеді. Жоспарда: тақырыптардың атауы, оларды кім және қандай құжатпен тапсырғандығы, тақырып жетекшілері, орындалу мерзімдері (басталуы мен аяқталуы), мәселе бойынша бастапқы ұйымы (министрлік, ведомство); жұмысты қаржыландыратын ұйым; сметалық бағасы, ғылыми жетістіктердің іске асырылу нысаны мен мерзімдері және орындалған жұмыстың ұсынылатын орны көрсетіледі.

Әскери кафедрадағы әскери-ғылыми және ғылыми-зерттеу жұмысының жылдық жоспары да осындай нысан бойынша құрылады.

Кафедраның бесжылдық және жылдық жоспарлары Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі Кадрлар және әскери білім департаментінің бастығымен

бекітіледі.

67. Әскери-ғылыми және ғылыми-зерттеу жұмыстары әскери кафедралардың мәжілістерінде талқыланып, есеп түрінде рәсімделеді және кафедра бастығымен бекітіледі. Әскери кафедралардың бастықтары әскери-ғылыми және ғылыми-зерттеу жұмыстарының олардың қарамағындағыларымен дер кезінде орындалуына толық жауап береді.

68. Шығармашылық және рационализаторлық жұмыс оқудың техникалық құралдарының, көрнекі құралдарының, қару-жарақтың, жауынгерлік және оқу техникасының, материалдық-техникалық базаның басқа да элементтерінің құрылуы мен жетілдірілуіне бағытталу керек.

Ол әскери кафедра бастығымен тағайындалған комиссияның жетекшілігімен жоспарланады және өткізіледі.

69. Студенттердің әскери-ғылыми жұмысы Жоғары оқу орындары студенттерінің ғылыми-зерттеу жұмысы туралы Ережемен анықталған тәртіпке сәйкес ұйымдастырылады.

70. Студенттерге арналған әскери-ғылыми жұмыстың тақырыбы олардың әскери даярлық мамандығын есепке ала отырып және бекітілген құпиялық режимінің қатал сақталуымен әскери кафедрада өңделеді.

71. Туындылар мен авторлық құқықты патенттеу Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

Әскери-ғылыми және ғылыми-зерттеу жұмысының жоспары бойынша орындалған және Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігімен қаржыландырылатын барлық әскери-ғылыми және ғылыми-зерттеу өңдеулер, келісім-шарттармен бақыланбаған жағдайда, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің жеке меншігі болып табылады.

## 6. Оқы материалдық-техникалық базасы

72. Әскери кафедраның оқу материалдық-техникалық базасы - бұл студенттер қатарынан белгіленген мамандықтар бойынша запастағы офицерлерді даярлауды қамтамасыз ететін материалдық және техникалық құралдардың, ғимараттар мен құрылыстардың кешені. Ол оқу жоспарлары мен бағдарламаларында қарастырылған барлық сабақтардың сапалы өткізілуін, студенттердің оқу материалын толығымен игерулерін, командалық, әдістемелік және практикалық дағдыларды үйренулерін қамтамасыз ету және әскери істің, ғылымның, техниканың және оқытудың қазіргі кездегі әдістемесінің даму деңгейіне сәйкес болу керек.

Әскери кафедралардағы оқу материалдық-техникалық базаның негізгі элементтеріне: оқу қару-жарағы мен әскери техника, зертханалық

құрал-жабдықтар, оқу-жаттықтыру құралдары, есептеу техникасы, оқудың техникалық құралдары, көрнекі құралдары және басқа да әскери-оқу мүлігі; аудиториялар (дәріс залдары), сыныптар, кабинеттер, зертханалар, кітапханалар, оқытушы бөлмелері, қару-жарақты, әскери-техникалық мүлікті сақтауға, грифтелген әдебиетпен жұмыс істеуге арналған бөлмелер және басқа да оқу, оқу-көмекші бөлмелері; арнайы оқу-жаттықтыру кешендері, оқу қалашықтары ( атыс, инженерлік, химиялық, қарауыл, радиополигондар, шағын полигондар және т.б.), атыс тирлері, саптық алаңдар мен жалпыәскери және арнайы даярлық бойынша бағдарламаларды өңдеуге арналған басқа да объектілер; оқу шеберханалары, автокөлік гараждары, әскери машиналар тұрағына арналған парктер, техникалық қызмет көрсету орындары, әскери техниканы, қару жарақты , құралдарды, әскери-оқу және басқа да мүлікті сақтауға арналған қоймалар; оқулықтар мен оқу құралдары, оқу-әдістемелік құжаттар, сондай-ақ басқа да материалдық және техникалық құралдар.

Бас штаб бастығы - Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің бірінші орынбасарының шешімі бойынша әскери кафедралар оқу процесі кезінде, қажет болған жағдайда, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери бөлімдері мен әскери-оқу орындарының оқу базасын қолдана алады.

73. Әскери кафедраның орналасуы оның оқу орнындағы басқа кафедралардан оқшау тұруын және Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Жарғыларының және әскери кафедра үшін бекітілген құпиялық режимнің талаптарына сәйкес ішкі тәртіпті ұйымдастыру мен ұстану мүмкіндігін қамтамасыз ету керек. Әскери кафедраға бөлінетін оқу бөлмелері оқу бағдарламаларының пәндері бойынша жабдықталады және студенттердің тек әскери даярлық бойынша сабақтары мен өз беттерінше жұмыстары үшін қолданылады.

Аудиториялар, зертханалар және басқа да оқу бөлмелері оқудың техникалық құралдарымен, қару-жарақ пен әскери техниканың табельді үлгілерімен, құралдармен, агрегаттармен және олардың макеттерімен жабдықталады.

Құпиялық кестелер мен стендтердің беті жабылып, жауапты адамдармен сүргіш салынуы тиіс.

Оқу-жаттықтыру кешендері, оқу қалашықтары және практикалық даярлыққа арналған басқа да объектілер студенттердің жоғары сапалы далалық жаттығуын, тәжірибелік дағдылар мен қабілеттерді олардың бойына сіңдіру мүмкіндігін қамтамасыз ету керек.

Әскери кафедрадағы оқу материалдық-техникалық базаның объектілерін оқу процесіне қатысы жоқ іс-әрекеттер үшін қолдануға тиым салынады.

74. Әскери кафедраларға арналған оқу сыныптарының саны оқып жатқандардың санына, оқу уақытының мөлшеріне және белгіленген әскери мамандықтарға байланысты анықталады. Сыныптар мен оқу бөлмелерінің саны

кафедрада әскери даярлық бойынша бір уақытта шұғылданатын взводтар мен жартылай взводтардың ең көп мөлшердегі санына сәйкес болу керек.

Оқу сыныптарының, практикалық сабақтарға арналған объектілердің, " мотоатқыштар бөлімшелерін, бөлімдер мен құрамаларды жаяу әскерлердің соғыс машиналарында (бронетранспортерларда) жауынгерлік қолдану" мамандығы бойынша запастағы офицерлерді дайындайтын әскери кафедраның қызмет және көмекші орындарының шамаланып алынған тізімі 12 қосымшада көрсетілген. Студенттер әскери даярлығының басқа мамандықтары бойынша саны қарулы Күштердің тиісті қолбасшы түрлерімен анықталады. Бұндай жағдайда сыныптардың шамаланып алынған тізімі Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Кадрлар және әскери білім департаментімен және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Жоғары білім департаментімен келісіледі.

75. Әскери кафедралардағы материалдық-техникалық базаны дамыту мен жетілдіру алдағы және жылдық жоспарлар негізінде жүзеге асырылады.

Әскери кафедрадағы материалдық-техникалық базаны дамыту мен жетілдірудің алдағы жоспарында: сынып-зертханалық базаны, оқу жаттықтыру кешендерін, қалашықтарды, саптық алаңдарды, гараждарды, парктерді, техникалық көмек көрсету орындарын, қоймалар мен басқа да оқу объектілерін және оқу-көмек көрсету орындарын дамыту мен жетілдіруге арналған негізгі шаралар; қажетті материалдық құралдар мен қаржы бөлу; жұмыстық орындалу мерзімі және оның орындаушысы көрсетіледі. Жоспарға оқу орнының ректоры және әскери кафедра бастығы қол қояды. Алдағы жоспар оқу орны бағынатын министрлікпен немесе ведомствомен қарастырылады және бекітіледі.

Кафедраның оқу материалдық-техникалық базасын дамыту мен жетілдірудің жылдық жоспары оқу орнында белгіленген нысан бойынша бір жылға дайындалып, әскери кафедра бастығының қолы қойылады және оқу орнының ректорымен бекітіледі.

76. Табельді әскери техниканы, қару-жарақ пен құрал-жабдықтарды пайдалану, жөндеу және тексеру Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері үшін қабылданған нысандар бойынша өңделетін әскери техниканы қолдану мен жөндеудің жылдық және айлық жоспарларына сәйкес әскери кафедраларда жүзеге асырылады.

Жоспарлар әскери кафедра бастықтарымен бекітіледі.

Әскери техниканы, қару-жарақ пен құрал-жабдықтарды әскери кафедраларда қолдануды, жөндеуді және қызмет көрсетуді жоспарлау оқу техникасы мен жаттықтыру құрал-жабдықтары бөлімшесінің бастығымен (аға инженермен, инженермен), ал көрсетілген қызмет орындары жоқ кафедраларда - әскери кафедра бастықтарының бұйрығымен тағайындалған аға оқытушылармен (

оқытушылармен) орындалады.

77. Әскери кафедраның бастығы оқу-көмекші құрам қатарынан оқу сыныптары мен зертханаларды қарауға және оларды сабақ өткізу үшін әзірлеуге, құрал-жабдықтарды сақтауға және олардың тиісті қалыпта болуына жауапты адамдарды тағайындайды. Сондай-ақ әскери кафедраның барлық оқу материалдық-техникалық базасы циклдарға жүктеледі. Циклдар тақырыбы бойынша әскери кафедрада диафильмдер, слайдтар және оқудың техникалық құралдары мен оқу-жаттықтыру құрал-жабдықтарын қолайлы қолдануға арналған басқа да оқу құралдары әзірленіп, олардың есебі жүргізіледі.

Оқу көмекші құрамнан материалдық бөлім, қауіпсіздік шаралары мен ережелері бойынша сынақ қабылданғаннан кейін ол оқу және әскери техниканы, қару-жарақ пен құралдарды пайдалану мен жөндеуге жіберіледі.

## 7. Әскери кафедрадағы ішкі қызмет пен ішкі тәртіп

78. Әскери кафедрадағы ішкі қызмет пен ішкі тәртіп әскери кафедраны орналастыру және оқу процесін ұйымдастыру ерекшеліктерін ескере отырып Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері ішкі қызмет Жарғысының талаптарына орай ұйымдастырылады.

Студенттердің бойына әскери жарғылардың талаптарын орындаудағы, әскери тәртіпті сақтаудағы практикалық дағдыларды сіңдіру, кафедра аумағында болған кезде олардың жоғары дәрежедегі ұйымшылдығы мен сап түзеу жаттығуларын қамтамасыз ету мақсатында оқу взводтарын құру туралы бұйрық жарияланады, күн тәртібі, ішкі кезек құрамы, киім түрі, кафедрадағы оқу процесі барысында студенттердің тәртібі, сондай-ақ профессор-оқытушы құрамның, инженерлік-техникалық және оқу-көмекші құрамының жұмыс тәртібі белгіленеді .

79. Күн тәртібінде таң ертеңгі қарау мен сабақтарға тарату, оқу сабақтарының , өз бетінше даярлықтың, қару-жарақ пен әскери техниканы қарау, хабарлама мен мамандық бойынша жаттығулардың, студенттермен (сабақтан тыс кезде) жүргізілетін тәрбие жұмысының уақыты белгіленеді. Сондай-ақ, онда офицерлердің қызмет уақыты және оқытушы - запастағы офицерлер мен оқу-көмекші құрамның жұмыс уақыты көрсетіледі.

Күн тәртібіне әскери кафедраның бастығы қол қояды және ол оқу орнының ректорымен бекітіледі.

80. Әскери кафедра бастығының бұйрығымен оқу взводтарының (15-20 адамнан тұратын) құрамы анықталады және взводқа жауапты офицерлер (аға оқытушылар, оқытушылар мен олардың көмекшілері қатарынан), взводтардың командирлері мен олардың орынбасарлары (ең тәртіпті, адамгершілігі мол және

оқуда үздік студенттердің қатарынан) және бөлімше командирлері тағайындалады.

Бөлімше командирінің міндетін атқарғандығы үшін қойылған баға аттестациялық материалда көрсетіледі.

Взводқа жауапты офицер бекітілген взводтарда тәрбие жұмыстарының тиімді өткізілуіне, взводтың командалық құрамының құрылуы мен бөлінуіне, жеке дайындық пен жаттығулардың ұйымдастырылуына және өткізілуіне жауап береді.

Взводқа жауапты офицер:

бекітілген взводтардағы студенттердің жұмыскерлік және моральдық қасиеттерін білуге;

студенттермен тәрбие жұмысын үздіксіз өткізуге, оларға қазіргі уақытта маманға қойылатын талаптарды түсіндіруге, олардың бойында қажетті әскери-кәсіби қабілеттерді тәрбиелеуге;

оқу взводтарындағы жеке даярлықтың ұйымдастырылуы мен өткізілуін бақылауға;

қару жарақ пен техниканың қызметін ұйымдастыруға және басқаруға;

бекітілген взводтарда хабарлама, әсерлі тәрбие және әскери-патриоттық жұмыстарды өткізуге; студенттердің әскери кафедрадағы оқу сабақтарына келуінің, үлгерімінің және тәртіптік тәжірибесінің есебін жүргізуге;

тәрбие жұмысы мен оқу сабақтарының есебі тіркелетін журналдың толтырылуын қадағалауға;

өткен айдағы оқу және тәртіп жағдайының нәтижесін шығаруға және әскери кафедра оқу бөлімінің бастығына (цикл бастығына) талдау ұсынуға;

студенттерге офицер атағын беру аттестациясына қатысуға;

бекітілген взводтардан тағайындалған ішкі кезекшілер қызметін тексеруге міндетті.

Оқу взводының командирі студенттердің келесі оқу сабақтарына дайындалуына, белгіленген әскери тәртіп пен реттіктің ұсталынуына, қару-жарақтың, техниканың, әскери мүліктің, сынып құрал-жабдықтары мен грифтелген әдебиеттің оқу сабақтары мен жеке даярлық кезінде сақталуына жауап береді. Ол взводқа жауапты офицерге бағынады және взвод жеке құрамының тікелей бастығы болып табылады.

Оқу взводының командирі: взводты нық басқаруға, взводтағы әрбір студентті білуге; взводтың оқу сабақтарына дер кезінде дайындалуын қамтамасыз етуге, тәртіп пен реттің, студенттердің сыртқы өңін және олардың белгіленген киім түрін сақтауын қадағалауға; қауіпсіздік шараларын және қару-жарақ пен әскери техниканы қолдану ережелерін орындауларын бақылауға; таң ертеңгі тексеруді жүргізуге, взвод бойынша кезекші тағайындауға; қажетті оқулықтар мен

әдебиеттердің дер кезінде алынуын ұйымдастыруға; студенттерді құрметтеу және тәртіптік жазаға тарту туралы өтініш беруге; студенттердің оқу сабақтары мен жеке дайындыққа қатысу есебін жүргізуге, олардың келмеу себептерін анықтауға және ол туралы кафедра кезекшісіне баяндауға міндетті.

Оқу взводы командирінің орынбасары взводтағы тәртіпке, взвод кезекшісі міндеттерінің нақты орындалуына, студенттердің сыртқы өңіне жауап береді.

Ол оқу взводының командиріне бағынады және взвод студенттерінің тікелей бастығы болып табылады.

Взвод командирінің орынбасары:

взводтағы әрбір студентті білуге, студенттер сыртқы өңінің, тәртіптің, сынып құрал-жабдықтары мен оқу бөлмелеріндегі тазалықтың сақталуын қадағалауға; взводтың кезекшілік парағын жүргізуге; взвод командирінің орнына қалып, оның қызметін орындауға міндетті.

Оқу бөлімшесінің командирі бөлімше студенттерінің оқу сабақтарына дайындалуына, студенттердің сыртқы өңінің тазалығына, тапсырмалардың табысты орындалуына, тәртіп пен үлгерімге жауап береді. Ол оқу взводының командирі мен оның орынбасарына бағынады және оқу бөлімшесі студенттерінің тікелей бастығы болып табылады.

Бөлімше командирі:

бөлімшені нақты басқаруға, әрбір студентті білуге, студенттердің оқу сабақтарына дайындығын тексеруге, таң ертеңгі тексеруді жүргізуге, студенттерден тәртіп пен белгіленген киім түрін сақтауды талап етуге, қару-жарақтың, оқу мүлігінің және әдебиеттің сақталуын қадағалауға, студенттермен бағдарламалық материалды игеруде көмек көрсетуге, оқу сабақтары кезінде студенттердің қауіпсіздік шаралары мен ережелерін орындауларын бақылауға міндетті.

Оқу взводы командирінің, оның орынбасарының, бөлімше командирлерінің өкімдері көрсетілген міндеттердің шеңберінде взводтың (бөлімшенің) барлық студенттерімен орындалуы тиіс.

81. Әскери кафедра кезекшісі офицерлер (прапорщиктер) қатарынан бір тәулікке немесе оқу күні кезеңіне тағайындалады. Әрбір нақты жағдайда (бір тәулікке немесе оқу күні кезеңіне) кезекшілікті ұйымдастыру жөніндегі шешім оқу орнының ректорымен қабылданады.

Әскери кафедра бойынша кезекші әскери кафедра бастығына бағынады және жеке құрамды хабарландыруға, нарядтық қызмет етуіне, күн тәртібінің орындалуына, ішкі тәртіптің сақталуына, өрт қауіпсіздігі шараларының орындалуына жауап береді; оқу сабақтарының және жеке дайындықтың дер кезінде басталуы мен аяқталуын, автомобильдер мен басқа да техниканың парктен уақытында шығуы мен оралуын, сондай-ақ қару-жарақ пен мүліктің

берілуі мен өткізілуін қадағалап отырады.

Белгіленген уақытта кафедра бойынша жаңа кезекші мен ескі кезекші бірлесіп пистолеттердің және оқ-дәрілердің, оқу-атыс жаттығуларына арналған қарудың санын, өрт қауіпсіздігі құрал-саймандарының және сигнализацияның істеп тұрғандығын міндетті түрде тексереді. Содан кейін олар Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Ішкі қызмет Жарғысымен бекітілген форма бойынша жүргізілетін кезекшілікті қабылдау мен өткізу журналына қолдарын қояды да, кезекшілікті қабылдау мен өткізу туралы рапортпен әскери кафедра бастығына ал ол болмаған жағдайда әскери кафедра бастығының орынбасарына ( оқу бөлімінің бастығына) келеді.

Парк бойынша кезекші оқу-көмекші құрамының қатарынан оқу күні кезеңіне тағайындалады және әскери кафедра бойынша кезекшіге бағынады. Ол өзінің міндеттерін Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Ішкі қызмет Жарғысына сәйкес келетін нұсқаулық талаптары бойынша орындайды Күндізгі кезекшілер студенттер қатарынан тағайындалады және әскери кафедра бойынша кезекшіге бағынады.

Әскери кафедра бойынша кезекші мен күндізгі кезекшілердің киім түрін әскери кафедра бастығы белгілейді.

Әскери кафедра бойынша кезекшілердің сол жақ кеудесінде "Әскери кафедра бойынша кезекші" ("Парк бойынша кезекші") деген жазуы бар белгі болуы тиіс.

Ішкі нарядтағы барлық адамдардың міндеттері әскери кафедраның бастығы бекітетін нұсқаулықпен анықталады.

82. Оқу взводы бойынша кезекші взвод командиріне бағынады. Ол оқу взводының оқу сабақтары дайындығына, құпиясыз көрнекі оқулықтар мен мүліктерді алу мен өткізуіне, сондай-ақ олардың бүтін болуына және сақталуына жауап береді, әскери кафедра бойынша кезекшіге оқу сабақтарына және жеке дайындыққа қатыспаған студенттер туралы мәлімдеме жасайды.

Оқу взводтары кезекшілерінің сол жақ кеудесінде "Взвод бойынша кезекші" деген жазуы бар белгі болуы тиіс.

83. Әскери даярлық бойынша оқу сабақтарына студенттер таза киініп келуге міндетті. Дала жаттығуларына және материалдық бөлімді зерттеу сабақтарына олар бағынатын министрліктер мен ведомстволар бөлетін қаражат пен қор есебіне жоғары оқу орындарымен алынған арнайы киім киіп келулері тиіс. Сыныптағы оқу сабақтарына студенттер оқу орнының ректоры белгілеген киімді киіп келеді.

Әскери даярлық бойынша оқу сабақтары кезінде қызмет сұрақтары бойынша студенттер өзара "Сіз" деп сөйлеулері керек. Бастықтарға сөйлеген кезде олардың әскери атақтарын (қызметтерін) атау керек. Мысалы: "Майор мырза", " Взвод командирі мырза". Аға бастық тұрған кезде атағы кішіге сөйлер алдында

ол үшін одан рұқсат сұрау керек. Мысалы: "Майор мырза. Студент Сергазинге сөйлеуге рұқсат етіңіз". Оқытушының "Сәлеметсіздерме мырзалар!" деген сәлемдемесіне студенттер "Сәлеметсізбе майор мырза!" деп жауап береді.

Тексеру немесе үлкеннің кішіге сөйлеу кезінде студент өзінің аты-жөнін естігенде "тік тұру" жағдайын қабылдап, "Мен" деп жауап береді, ал өз орнына тұру рұқсатын алған соң "құп болады" деп жауап қайтарады да өз орнына тұрады .

Оқу сабақтарына қатыспаған студенттердің орнына оқу взводының командирі немесе бөлімше командирі жауап береді. Мысалы: "Студент Бекмұратов ауырып қалды".

Оқытушы немесе басқа бір бастық сөйлеген кезде студент орнынан тұрып, "тік тұру" қалпын сақтап, өзінің аты-жөнін атап, қойылған сұраққа жауап қайтаруы тиіс.

Оқу сабақтарын жүргізушіге сөйлеу қажет болған жағдайда студент қолын көтеріп рұқсат алған соң орнынан тұрып "тік тұру" қалпын сақтап, өзінің аты-жөнін атайды да, сұрақ қояды. Бұйрық алған кезде студент "құп болады" деп жауап береді де, оны орындайды; бұйрықтың орындалғандығы туралы бұйрық берген бастыққа баяндайды.

Бастықтың сұрағына оң жауап берер кезде студент: "Тура сондай", ал теріс жауап қайтарарда - "Жоқ, олай емес" деп жауап береді.

Оқытушы сабаққа келген кезде оқу взводы бойынша кезекші міндетті түрде "Взвод! Тұрыңдар! Тік тұрыңдар!" деп бұйрық береді және мәлімдеме жасайды.

Мысалы: "Майор мырза! Екінші оқу взводы 18 адам санында тактикалық даярлық бойынша оқу сабағына дайын. Студент Байжұманов келген жоқ. Оқу взводы бойынша кезекші студент Ибрагимов". Оқу сабағы аяқталған кезде оқытушының "Оқу сабағын аяқтаңдар!" деген бұйрығы бойынша ол: "Взвод! Тұрыңдар! Тік тұрыңдар!" деп бұйрық береді. Оқытушы сыныптан шыққан соң: "Взвод бостан! үзіліс! (Оқу сабағы аяқталды)" деп жариялайды. Үзіліс кезінде ол тазалық сақтайды және бөлмеге таза ауа кіргізеді. Мүліктің, оқу құралдарының, әдебиеттің және студенттер дәптерлерінің сақталуын қадағалайды.

84. Әскери кафедра офицерлері мен оқытушы - запастағы офицерлер әскери даярлықтан өтіп жатқан студенттер үшін бастық болып табылады. Әскери даярлықтың барлық түрлері бойынша оқу сабақтары кезінде берілген оқытушылардың тапсырмаларын студенттер міндетті түрде орындаулары тиіс.

Осы кезеңде оқытушылар Оқу орындарының әскери кафедралары туралы Ережеде көрсетілген марапаттаулар мен тәртіп жазаларын оларға қатысты қолданулары мүмкін.

Ескертулерден басқа барлық марапаттаулар мен тәртіп жазалары студенттің жеке карточкасына тіркеліп, оқу сабақтарының есеп журналына жазылады және

кафедра бастығына баяндалады, содан кейін взвод сабының алдында жарияланады.

Кафедра бастығының бұйрығында немесе ректордың бұйрығында жарияланған марапаттаулар мен жазалар факультет декандарына және оқу взводтарының әскери даярлықтан өтіп жатқан барлық студенттеріне дейін жеткізіледі.

85. Әскери даярлық бойынша студенттермен оқу сабақтарын өткізуден бос әскери кафедраның профессор-оқытушы құрамы кафедраның қарамағында болады және жоспар немесе аға бастықтардың тапсырмалары бойынша жұмыстар орындайды.

86. Штаттық оқу-көмекші құрам жұмысының тәртібі әскери кафедра бастығымен бекітілген тікелей міндеттермен және күн тәртібімен белгіленеді.

87. Запастағы офицер-оқытушылар барлық жұмыс уақытында міндетті түрде әскери киім киюлері керек.

## 8. Әскери-патриоттық тәрбие және бұқаралық-қорғаныс жұмысы

88. Студенттерді әскери-патриоттық тәрбиелеу олардың бойында Отанды қорғау бойынша ата-заң борышын орындауға қажетті жоғары моральдық, кәсіби-жауынгерлік және психологиялық қасиеттерді, ұйымшылдық пен тәртіптілікті қалыптастыруға бағытталады.

89. Әскери кафедрадағы әскери-патриоттық тәрбиенің негізгі мәселелеріне:

Отанымызды қорғау мұратын, Қазақстан Республикасы Конституциясының, мемлекет Президентіміздің әскери құрылыс жөніндегі сұрақтарының, "Жалпы әскери міндет және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының, әскери ант пен әскери жарғылардың талаптарын, әскери тәртіп пен қағидалардың мәнін және маңызын түсіндіру; қараныз Z050000074

студенттер мен әскери кафедра жеке құрамының жоғары санасын және қырағылығын, Отан үшін жанқиярлық пен қажетті әскери-моральдық қасиеттерін қалыптастыру;

халқымыздың басынан кешкен ерлігі мен қарулы Күштердің айтарлықтай жауынгерлік салт-дәстүрлерін және қазіргі кезеңде шешіліп жатқан мәселелерін насихаттау;

бастықтар мен үлкендердің бұйрықтарын және тапсырмаларын нық және сөзсіз орындау қасиеттерін, мемлекеттің қорғаныс күші мен ұлттық нақты қауіпсіздігін нығайту бойынша офицерлердің Отан мен халық алдындағы борыш сезімін қалыптастыру;

мемлекетіміздің ұлтаралық достығын, Қазақстан Республикасын қорғауға

дайындық сезімін нығайту жатады.

90. Әскери даярлықтан өтіп жатқан студенттердің және әскери кафедралар жеке құрамының әскери-патриоттық тәрбиесі жөніндегі мәселелер оқу сабақтары кезінде, сондай-ақ сабақтардан тыс кезде басқа кафедралармен, факультеттермен және басқа да қоғамдық ұйымдармен бірге шешіледі.

Оқу сабақтары кезінде оқытушыларға Қазақстан Республикасы Конституциясының әскери құрылыс жөніндегі ережелері, "Жалпы әскери міндет және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының, әскери ант пен әскери жарғылардың талаптары, әскери тәртіп пен қағидалардың мәні және маңызы түсіндіріледі; әскери борыш алдындағы адалдық, жоғары қырағылық пен сана, Ұлы Отан Соғысы жылдары және бейбітшілік кезінде адамдардың көрсеткен ерліктері мен батырлықтарының мысалдары келтіріледі.

Оқу сабақтарынан тыс уақытта әскери-патриоттық тақырып бойынша әңгімелер мен баяндамалар, студенттердің әскер, соғыс және еңбек ардагерлерімен кездесулері, әскери бөлімдерге экскурсиялар өткізіледі, әскери-деректі және хроникалық фильмдерді көрсету, әскери тақырып бойынша көркем әдебиетті оқу және талқылау, әскери-қолтаңбалы спорт түрі бойынша және басқа іс-шаралар өткізіледі.

91. Студенттерді әскери-патриоттық тәрбиелеуге арналған көрнекі материал Отанымызды қорғаушылардың патриотизмын, халықтың батылдығын және Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері сарбаздарының ерлік еңбегін дәлелді және толық ашып көрсету керек. Көрнекі материалдық мазмұны студенттер әскери даярлығының нақты мәселелерімен тығыз байланысты.

92. Әскери кафедралар қоғамдық ұйымдарға бұқаралық-қорғаныс жұмысын жүргізуде жан-жақты көмек көрсетеді; оқу орнында спорттық әскери-қолтаңбалы және әскери-техникалық түрлерінің дамуына елеулі әсер етеді; спорт кешендерінің, ал оқу жиындарында - Қарулы Күштер әскери-спорт кешенінің нормативтерін тапсырудағы студенттердің даярлығын ұйымдастыруға қатысады; кіші калибрлі қарудан ату, қол гранатасын лақтыру, кедергілер жолағынан өту және басқа да нормативтерді қабылдауға қатысады.

93. Әскери даярлықтан өтіп жатқан студенттермен әскери-патриоттық тәрбиелеу және бұқаралық-қорғаныс жұмысын өткізудің жоспары оқу орындары студенттерінің әскери-патриоттық тәрбиесі бойынша кепілдемелерге сәйкес оқу жылына әскери кафедралармен өңделеді.

94. Әскери кафедра жеке құрамының және студенттердің әскери даярлық тапсырмаларын орындау бойынша жарыстары Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің және Министрдің тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыстар жөніндегі орынбасары - Тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыстар департаменті бастығының бұйрықтары мен директиваларының талаптарына

сәйкес әскери кафедра бастықтарымен ұйымдастырылады және өткізіледі.

Студенттер арасындағы жарыстар олардың әскери даярлығының сапасын арттыруға, тәртібін нығайтуға, әскери-ғылыми, рационализаторлық, спорт және бұқаралық-қорғаныс жұмыстарға белсенді қатысуларына бағытталған.

Әскери даярлық тапсырмаларын орындау бойынша студенттердің міндеттері және олардың орындауы оқу сабақтары мен тәрбие жұмысының есеп журналдарында және кафедраның көрнекі материалдарында көрсетіледі. Әскери даярлық тапсырмаларын орындау бойынша жарыстың қорытындылары: взводтарда - ай сайын, оқу жиындарында - апта сайын, факультеттер мен роталарда - семестр сайын және оқу жылы бойынша шығарылады.

## 9. Құпиялық режимі және құпиялық іс жүргізу жұмысы

95. Құпиялық іс жүргізу жұмысын ұйымдастыру және әскери кафедраларда құпиялық режим сақтау Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери бөлімдері, ұйымдары мен мекемелері үшін бекітілген талаптарға, Оқу орындарының әскери кафедралары туралы Ережеге және белгіленген әскери мамандықтар бойынша студенттердің әскери даярлығына тікелей басшылық ететін бастықтардың нұсқауларына сәйкес жүзеге асырылады.

Құпиялық іс жүргізу және құпиялық материалдарды сақтау үшін әскери кафедраларда құпия бөлімдері (кітапханалар) құрылады немесе оқу орындарының құпия бөлімдерінен құпиялық материалдардың сақталуын, есебін және берілуін қамтамасыз ету жүктелетін арнайы адамдар бөлінеді. Құпия бөлімдерінің қызметшілері әскери кафедра бастығына, ал құпиялық іс жүргізу тәртібі бойынша - оқу орындарының құпиялық бөлім бастықтарына бағынады.

Құпия және аса құпия қару-жарақ пен әскери техника үлгілерін, жарғыларды, басшылыққа алынатын нұсқаулар мен құжаттарды оқып үйрену оларды қолданудың белгілі тәртібін қамтамасыз ететін арнайы жабдықталған бөлмелерде ұйымдастырылып жүргізіледі.

96. Құпия құжаттар және әдебиет есеп кітабы бойынша тіркеледі және олар құпия бөлімдердің немесе оқу орнының өкілетті құпия бөлімдерінің арнайы жабдықталған бөлмелеріндегі жәшіктерде сақталады. "Қызмет бабында пайдалану үшін" деген грифі бар құжаттар мен басылымдар жекелеген журналдарға (кітаптарға) тіркеледі және қызметтік үй-жайдағы сенімді жабылып сүргіш салынған шкафтарда сақталады.

97. Құпия құжаттар және басылымдар, сондай-ақ "Қызмет бабында пайдалану үшін" деген грифі бар құжаттар мен басылымдар әскери кафедраның жеке құрамына, әскери кафедра бастығының бұйрығымен бекітілген оқу взводының уәкілдеріне журналға қол қойғызып беріледі. Студенттер оқу взводы

уәкілдерінен бұл құжаттар мен журналдарға қол қойғызып алады.

Құпия жазбалар жүргізу үшін кафедраның жеке құрамы мен студенттер белгіленген тәртіппен жұмыс дәптерлерін рәсімдейді.

Взводқа арналған жұмыс дәптерлері оқу орындары уәкілдерінің сүргіш соғылған чемодандарында сақталады және ол студенттерге сабақ (өзіндік даярлық) уақытында қол қойдырып немесе жетон арқылы беріледі. Грифі бар басылымдарды, жұмысшы дәптерлерін беру және оларды қабылдау міндетті түрде беттерінің бар жоғын түгендегеннен соң жүргізіледі.

Сабақ кезінде оқу взводындағы құпия құжаттармен жұмыс істеу тәртібі сақталуы керек. Бұл үшін жауапкершілік сабақ жетекшісіне және оқу взводының командиріне жүктеледі.

Дала жағдайында сабақ жүргізу кезінде барлық құпия құжаттарды сабақ жетекшісінің жеке өкімі негізінде взвод уәкілі қабылдайды. Құпия құжаттарды кафедра аумағынан күзет, қызмет үшін пайдаланылатын көлік және оларды сақтайтын чемодан (портфель) болған жағдайда ғана алып шығуға рұқсат етіледі.

98. Әскери кафедраның бастықтары өз орынбасарындағы және цикл бастықтарындағы құпия құжаттардың барлығына, кафедрадағы құпия жұмыстардың жағдайына және іс жүргізу жұмысына бақылау жүргізеді. Цикл бастықтары апта сайын цикл оқытушыларының қолындағы құжаттардың бар екендігін, ал оқытушылар әскери даярлық бойынша өткізілетін сабақ күндерінде студенттердің қолындағы взводтар бекітіп берген жұмыс дәптерлерінің барлығын тексереді. Тексерудің қорытындылары туралы ойларын тікелей өз бастықтарына баяндап отырады.

## 10. Әскери бөлімдердегі оқу жиындары

99. Әскери бөлімдердегі студенттердің оқу жиындары әскери дайындықтың аяқталу кезеңі болып табылады. Олар әскери дайындық оқу барысында студенттердің алған командалық және әдістік дағдылары жетілдірілетін әскери жағдайларда практикалық оқыту мақсатында жүргізіледі, бұл оқу орындарында машина жүргізу, оқ ату және басқа да оқу-әскери тапсырмалар орындалады.

100. Әскери бөлімдердегі оқу жиындарына студенттерді жіберуді әскери кафедралар даярлаған жеке тізімдер бойынша әскери комиссариаттар жүзеге асырады.

Оқу жиындарына жіберу алдында өз денсаулығы туралы шағым білдірген студенттер тиісті әскери-дәрігерлік комиссиялар медициналық куәландыру үшін оқу орындары орналасқан жердегі әскери комиссариаттарға жіберіледі. Денсаулығына байланысты офицерлік лауазымдағы әскери қызметке жарамсыз

деп танылған адамдар оқу жиындарынан босатылады және офицерлік құрамға аттестацияланбайды.

Студенттердің әскерлерде және оқу жиындарын оқу орнының оқу жоспарымен белгіленген мерзімде өткерулеріне кедергі келтіретін әуелді себептер болған жағдайда (ауырған, отбасы жағдайлары және т.б.) студенттің жоғары оқу орындарын бітіретін жылы өткерулеріне рұқсат беріледі.

101. Студенттердің әскери бөлімдерге келуіне дейін оқу жиындарының жеке құрамын Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Ішкі қызмет Жарғысының талаптарына сәйкес жабдықталған казармаларға немесе лагерлерге орналастыру ұйымдастырылады. Жабдықтау жоспарына сәйкес оларға тиісті әскери (қызмет) тектері үшін белгіленген әскери киім нысаны мен қатардағы құрамның ерекшелік белгісі, ал Қарулы Күштерде мерзімді әскери қызметті бұрын өткерген және әскери атағы барларға атақтарына сәйкес беріледі.

Жиынның алғашқы күні әскери кафедраның бастығы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі Кадрлар және әскери білім департаментінің бастығына оқу жиынына келмеген студенттер туралы, олардың келмей қалу себептерін көрсете отырып, жазбаша рапортпен баяндайды.

Жиынның бірінші күні әрбір студентке қару, жеке қолдану құралдары және басқа да жайдың заттары бекітіліп беріледі.

102. Студенттер оқу жиындары кезінде тәуліктік наряд қызметін атқаруға тартылады. Ішкі қызмет жұмысын атқарғаны үшін студенттерге оқу журналына баға қойылады.

Студенттерді әскери бөлімдерде оқу жиындарын өткеру кезінде оларды оқыту процесі мен тұрмыстық жағдайларын қамтамасыз етуге байланысты емес шаруашылық және басқа да жұмыстарға төтенше жағдайлардан басқа үзілді-кесілді тиым салынады.

103. Оқу жиындарын өткізу кезінде жиынға шақырылған әскери міндеттемелер үшін Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген барлық құқықтар мен міндеттер студенттерге де таратылады. Жиын кезінде студенттер курсанттар деп, ал әскери атақтары барлар сол атақтары бойынша аталады.

Жиынның барысында студенттерді әскери ант қабылдауға даярлау бойынша қажетті жұмыстар жүргізіледі. Әскери ант (Қазақстан Республикасы Президентінің 1992 жылғы 25 тамыздағы жарлығымен бекітілген) оқу жылының алғашқы жартысында әскери ант қабылдау тәртібі туралы ереже мен белгіленген тәртіп бойынша салтанатты жағдайда қабылданады. Студенттердің әскери ант қабылдағандығы жөнінде шақыру учаскесіне тіркеу туралы куәлікке (тіркеу куәлігі): "әскери ант қабылдады (күні, айы, жылы)" деп жазылады. Студенттердің әскери ант қабылдағаны туралы тізімінің көшірмесі бір апта ішінде оқу орнының

әскери кафедрасына жолданады.

104. Оқу жиындарының әскери бөлімдердегі өткеру кезеңінде жүйелі түрде тәртіп бұзған, оқу жиындарын өтеуден бас тартатын студенттер әскери кафедра бастығының ұсынысы бойынша оқу орындары ректорларының бұйрығымен тәртіпсіздігі үшін әскери дайындықты өткізуден босатылады. Ректордың шешімін алғаннан кейін студенттер әскери дайындықтан босатылған әскери бөлім командирлерімен бірге белгіленген тәртіппен оқу орнына қайтарылады.

105. Әскерлерде оқу жиындарын ұйымдасқан түрде бастау және сапалы өткізу мақсатында Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі Кадрлар және әскери білім департаментінің бастығы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі мен Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабы департаменттері, бас басқармалары мен басқармаларының бастықтары мен әскер түрлерінің қолбасшыларымен бірлесе отырып мыналарды әзірлейді:

жиындар өткізілетін құрамалар мен бөлімдердің тізімі қоса тіркелген Қорғаныс министрінің бұйрығы;

осы құрамалар мен бөлімдерді жетпейтін техника және қару-жарақпен жинақтау жоспары (N 13 қосымша);

жиындарды материалдық жабдықтау жоспары;

оқу жиындарын ұйымдастыру және өткізу үшін әскери бөлімдерге көмек көрсету және оларды бақылау жоспары (N 14 қосымша).

106. Құрама (бөлім) оқу орындарын ұйымдастыру жөнінде бұйрық шығарады (N 15 қосымша), оқу жиындарының бағдарламасын өткізудің жоспар-кестесін (N 16 қосымша), курсанттармен жүргізілетін негізгі шаралардың жоспар-календарын (N 17 қосымша), тәрбие жұмысының жоспарын (N 18 қосымша), материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз ету жоспарын (N 19 қосымша), спорт-бұқаралық шаралар жүргізу және басқа да қажетті құжаттарды әзірлейді.

107. Әскери кафедра студенттерінің оқу жиындарын өткізуге дайындық кезінде:

оқу жиындарының бағдарламасын өту жоспар-кестесінің жобасы және бөлімге келгеннен кейін нақтыланатын қажетті оқу-әдістемелік құжаттар;

үлес беруші органдар мен әскери бөлімдерге қару-жараққа, техникаға, оқ-дәрілерге, киім-кешекке, жабдықтарға, әскери тасымал құжаттарына, азық-түлік - жол ақшаларына және ішкі қызметті ұйымдастыру үшін құжаттарға тапсырыс әзірленеді;

жиындарда оқу процесін қамтамасыз ету үшін қажетті әдебиет пен оқу құралдары дайындалады.

Тапсырыстар жиындар өткізілетін жылдың алдындағы жылғы 1 қарашаға дейін әскери бөлімдерге жіберіледі және жиындар басталарға дейін 40 күн бұрын

анықталады (тапсырыстардың көшірмелері Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі Кадрлар және әскери білім департаментінің бастығына жіберіледі).

108. Жиындарды өткізу уақыты былай бөлінеді:

24 күн әскери дайындыққа және бітіру емтиханын тапсыруға жұмсалады;

бір күн бөлімге келгеннен кейін орналасуға және ішкі қызметті ұйымдастыруға арналады;

оқу жиыны біткен соң қаруды, техниканы, алған мүлікті өткізуге тағы бір күн кетеді.

109. Оқу жиындарында оқыту аптасының ұзақтығы 6 күн, күніне 6 сағат сабаққа және 2 сағат өз бетінше дайындыққа кетеді, демалыс қарсаңындағы күндерде (өз бетінше дайындықсыз) 6 сағат сабақ болады, бұдан басқа тәрбие жұмыстарын жүргізуге де уақыт көзделеді. Оқу сағаты - 50 минут.

Тактикалық және арнайы оқу-сабақтарды, әскери жұмыстарды, жауынгерлік атысты, регламентті жұмыстарды жүргізу сабақтарын, әскери машиналарды айдауды өткізу кезінде оқу күні уақытпен шектелмейді.

Оқу жиындарында студенттермен парктегі шаруашылық жұмыстарымен айналасу күні көзделмеген.

110. Оқу жиыны кезінде бөлім командирінің жоспары бойынша тактикалық ( тактикалық-арнайы), роталық (батареялық) жаттығу, рота курсанттарын саптық қарау және жиын дабылы бойынша жеке құрамды төсегінен тұрғызып, жаяу тәртіппен 15 километрлік маршқа алып шығу, нормативтерді орындау жөніндегі жұмыстар және т.б. өткізіледі.

111. Тактикалық (тактикалық-арнайы), роталық (батареялық) жаттығулар тактикалық дайындықтың соққы кезегі болып табылады. Оны оқу жиынының бастығы жүргізеді. Рота (батарея) командирінің міндетін бөлім офицерлері немесе әскери кафедра оқытушылары атқарады. Студенттер взвод, бөлімше, жауынгерлік топ, экипаж, оларға теңестірілгендер командирлері қызметін және бөлімше құрамында қызмет атқарады. Жаттығу өткізу жоспарын оқу жиынының бастығы әзірлейді және басталуына бір апта қалғанда оны құрама командирі бекітеді. Жаттығу бір жақты немесе екі жақты болады және екі тәулік бойы жүргізіледі.

112. Құрамалар мен бөлімдер командирлері студенттермен оқу жиындарын ұйымдастыруға және оның сапалы өтуіне, студенттердің оқуына, тәрбиесіне және әскери тәртіптің жағдайына жауап береді. Оларға: оқу жиындарын ұйымдастыру және өткізу, студенттерді орналастырып, оларды белгіленген нормалар бойынша үлестің барлық түрлерімен (стипендиядан басқа) қамтамасыз ету; қару, әскери техника, әскери-оқу мүліктерін, оқ дәрілер, моторесурстар, жанар-жағармай материалдарын және студенттермен оқу жиынын өткізуді қамтамасыз ету үшін қажетті басқа да құралдарды беру; оқу алаңын, полигон

атыс алаңын бөлу; бөлінген қару мен әскери техниканы күзетуді ұйымдастыру; жиындарда студенттердің әскери даярлығының сапасын бақылауды жүзеге асыру ; бітіру емтихандарын өткізу және ұйымдастыру, оқу жиынының бастығын, оның тыл және техникалық бөлімдер жөніндегі орынбасарларын, рота (батарея) командирлерін, құрылатын бөлімшелер саны бойынша рота старшиналарын тағайындау жүктеледі.

Студенттермен оқу жиындарын ұйымдастыру және өткізу тәртібі құрамалар мен бөлімдердің жауынгерлік даярлық жоспарларында жеке тарау болып, белгіленген нормалар бойынша моторесурстар, оқ-дәрілер, жанар-жағар май және басқа да материалдар шығынының негізделген есептемелерімен қатар көрсетіледі.

113. Оқу жиынының бастығы болып студенттердің оқу жиындары ұйымдастырылатын және өткізілетін бөлім (құрама) командирі орынбасарларының бірі тағайындалады.

Оқу жиыны оқу бөлімдерінің бастықтары болып әскери кафедра бастығының (цикл бастығының) орынбасарлары бекітіледі.

Оқу жиындары бастығының тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыстар жөніндегі орынбасарлары болып әскери кафедраның цикл бастықтары (аға оқытушылар) бекітіледі.

Оқу жиындары бастығының тыл және техникалық бөлім жөніндегі орынбасарлары, курсанттар ротасының командирлері болып офицерлер бекітіледі, ал рота (батарея) старшиналары болып әскери бөлімдер прапорщиктері (мерзімнен тыс қызмет старшиналары) бекітіледі.

Курсант бөлімшелерін басқару үшін бөлінген офицерлер мен прапорщиктер ( мерзімнен тыс қызмет старшиналары) бөлім бойынша бұйрықпен жарияланады және жиынның барлық мерзімінде әскери бөлімдердегі қызмет міндетінен босатылады.

Жиынның басшы құрамын және оны өткізу үшін бөлінген басқа да лауазымды адамдарды ауыстыру тек ерекше жағдайларда Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі Кадрлар және әскери білім департаментінің келісімі бойынша жүзеге асырылады.

Оқу жиынына келген студенттер қатарынан 25-30 адамнан бөлімшелер ( топтар, экипаждар), взводтар және құрамында үш-төрт взводы бар роталар ( батареялар) құрылады. Оқу бөлімшелерін құруды жиынның оқу бөлімінің бастығы жүзеге асырады.

Алдын ала әскери кафедраларда даярлықтан өткен студенттер әскери бөлім бойынша бұйрықпен взвод командирлері, взвод командирлерінің орынбасарлары және бөлімше (рота, экипаж) командирлері болып тағайындалады. Оларды дайындау әскери кафедра әзірлеген бағдарламалар бойынша үш күндік

оқу-әдістемелік оқу-сабақтары үстінде жүргізіледі.

Взвод командирлерінің міндеттерін атқару үшін Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі әскери училищелерінің жоғарғы курс курсанттарын тағайындауға болады.

114. Оқу жиынының бастығы студенттердің жауынгерлік даярлығына, әскери тәртібіне, қару, жауынгерлік және басқа да техниканың, сондай-ақ жиынның материалдық құралдарының жағдайына және олардың сақталуына жауап береді.

Ол жиынның барлық жеке құрамының тікелей бастығы болып табылады және қабылдау пунктін күшейтуді, санитарлық өңдеуді және жабдықтауды, студенттерді қабылдауды, оларды орналастыруды және үлестің барлық түрлерімен қамтамасыз етуді; ішкі және қарауыл қызметін, жауынгерлік даярлықты ұйымдастырады, сондай-ақ саптық тексеруді, "Жиын" дабылы бойынша жеке құрамның көтерілуін, 15 шақырымдық марш жасауды өткізеді және тактикалық (тактикалық-арнайы), арнайы жаттығулардың өткізілуіне жетекшілік етеді, білім берудің негізгі тақырыптары бойынша оқу-әдістемелік құжаттарды бекітеді, сабақтардың өткізілуіне бақылау жасайды, қару-жарақтың, әскери техниканың және басқа да мүліктің жағдайын және сақталу тәртібін орнатады, жауынгерлік даярлықтың қорытындысын шығарады, студенттердің Қарулы Күштер әскери-спорт кешенінің нормаларын тапсыруын ұйымдастырады , бітіру емтиханын ұйымдастыру мен өткізуге қатысады, жиын аяқталғаннан кейін студенттердің қызмет мінездемелерін қарайды.

115. Әскери кафедралардың бастықтары оқу жиындарындағы студенттер жауынгерлік даярлығының ұйымдастырылуы мен сапасына және олармен тиімді тәрбие жұмысын өткізуге жауап береді. Олар сол оқу орнының мамандығы бойынша даярлықтан өтіп жатқан жиындар жеке құрамының тікелей бастықтары болып табылады.

Әскери кафедра бастықтарына: студенттердің әскери бөлімдердегі оқу жиындарынан өтуін даярлауды ұйымдастыру; студенттердің әскери бөлімге дер кезінде және ұйымдаса келуін қамтамасыз ету; оқу жиыны бастығының тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмысы жөніндегі орынбасарын, оқу жиыны оқу бөлімінің бастығын, курсант роталарының командирлерін тағайындау; арнайы пәндер бойынша оқу-сабақтарын өткізу үшін кафедрадан оқытушылардың қажетті санын бөлу;

оқу жиыны оқу бағдарламаларының студенттермен өту жоспарын өңдеу және олармен оқу-сабақтарының сапалы өткізілуін қамтамасыз ету; студенттерді взвод командирлерінің, взвод командирлері орынбасарларының, бөлім (есеп, экипаж) командирлерінің қызметтеріне іріктеу және оларды өз қызмет міндеттерін орындауға үйрету; нұсқау-әдістемелік сабақтар өткізу; оқытушылардың сабақтарға даярлануына және оларды өткізу сапасына бақылау жасау; бітіру

емтихандарын ұйымдастыру мен өткізу жүктеледі.

116. Жиын оқу бөлімінің бастығы бөлім штабымен, жиын бастығымен және басқа да лауазымды адамдармен осы Нұсқаулықтың 106 бабында қарастырылған құжаттарды, соның ішінде оқу жиындары жауынгерлік даярлығының жоспарын өңдеп, анықтайды және олардың курсант бөлімшелерінде орындалуын бақылайды;

роталық (батареялық) сабақ кестесінің құрылуын ұйымдастырады, жеке өзі офицерлермен көрнекі және нұсқау-әдістемелік оқу сабақтарын өткізеді;

тәуліктік наряд қызметін ұйымдастырады және оған бақылау жасайды. Жиынды ұйымдастыру үшін ол оның басталуына кемі 7 күн қалғанда бөлімге жіберіледі.

117. Барлық оқу жиыны кезінде әскери кафедрадан оқытушы құрам бөлінеді.

Оған: оқу, кеңес сабақтарын және өз бетінше даярлықты ұйымдастыру мен өткізу;

курсант бөлімшелерінің командирлерімен нұсқау-әдістемелік оқу сабақтарын, студенттермен тәрбие және спорт-бұқаралық жұмыстарын өткізу; ішкі наряд қызметінің атқарған жұмысын тексеру, бітіру емтихандарын өткізуге қатысу жүктеледі. Оларға Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің тәртіптік жарғысында көрсетілген тәртіп құқықтары ұсынылады.

118. Жиындардың басталуына 3-4 күн қалғанда курсант бөлімшелеріне тағайындалған офицерлер мен прапорщиктер (мерзімнен тыс қызметтегі старшиналар) бөлім командирлерінің басшылығымен жиындарды ұйымдастыру мен өткізу бойынша бұйрықтар мен директивалар, жауынгерлік даярлық бойынша құжаттар, оқу жиындарындағы студенттер әскери даярлығының бағдарламалары оқып танылатын үш күндік оқу-әдістемелік жиындар жоспарланып, өткізіледі; саптық, дене даярлығы, жалпы әскери жарғылар мен басқа да пәндер бойынша нұсқау-әдістемелік сабақтар жүргізіледі. Бұл пәндер бойынша олар жетекшілер немесе жетекшілердің көмекшілері болып тағайындалуы мүмкін.

119. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Кадрлар және әскери білім департаментінде жыл сайын студенттердің оқу жиындары басталу қарсаңында әскер түрлері, департаменттер мен басқармалар, құрамалар мен бөлімдер өкілдерімен, әскери кафедра бастықтарымен және жиындарды ұйымдастыру, материалдық жағынан қамтамасыз ету мен бітіру емтихандарын өткізу мәселелері бойынша бітіру емтихандық комиссияларының төрағаларымен бір күндік нұсқаулық кеңестер өткізіледі.

120. Оқу жиыны аяқталған соң рота командирлері әскери кафедра оқытушыларының қатысуымен әрбір студентке қызметтік мінездеме береді. Онда студенттердің моральдық, командирлік, әдістемелік және іскерлік

қасиеттері, дамуының жалпы деңгейі, оқуға деген көзқарасы, қару-жарақ пен әскери техниканы, жарғылар мен нұсқаулықтарды білуі, тәртібі, бастамшылдығы , жиындықтарды жеңу қабілеттері, мінез-құлық ерекшеліктері, қоғамдық жұмысқа қатысуы, дене даярлығы, бітіру емтихандарының қорытындылары және басқа да деректер бейнеленеді.

Қорытындыда белгіленген әскери мамандығы бойынша студент офицер әскери атағын алуға лайықты немесе лайықты емес екендігі көрсетіледі.

Мінездемелерге оқу жиыны бастығының қолы қойылып, бөлімнің ( құраманың) мөрі басылады да, оқу орнына жіберіледі.

121. Әскери даярлықтың толық курсын және әскерлердегі оқу жиындарын өткен, әскери даярлық бойынша бітіру емтихандарын дер кезінде тапсырған, әскери комиссариаттармен келісілген студент - ер азаматтар медициналық куәландырудан өту үшін тиісті әскери-дәрігерлік комиссияларға жіберіледі. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде офицерлік құрам лауазымдарындағы қызметке денсаулық жағдайы бойынша жарамды деп танылған студенттер запастағы офицерлер атағын алу үшін аттестациядан өтеді. Белгіленген мерзімде медициналық куәландырудан өтпеген, немесе әскери-дәрігерлік комиссияларымен әскери қызметке жарамсыз деп танылған студенттер запастағы офицер атағын алуға аттестация тапсырмайды.

## 11. Сынақтар, курстық және бітіру емтихандары

122. Әскери даярлықтан өтіп жатқан студенттер тиісті мамандықтар бойынша әскери даярлық бағдарламаларымен белгіленген сынақтарды, курстың және бітіру емтихандарын тапсырады.

Сынақтар студенттердің өткен материалды игергендігін тексерудің формасы болып табылады. Сынақтар практикалық дағдылар мен теориялық білімді тексеру үшін өткізіледі. Сынақтар емтихандық сессия басталмас бұрын қабылданады.

Сынақтарды тапсыру нәтижелері "есепке алынды" немесе "есепке алынбады" деп бағаланады.

Курстық емтихандар пәндерді немесе бағдарлама тарауларын оқып үйренудің қорытынды кезеңі болып табылады және студенттердің теориялық білімдерінің деңгейін, олардың дағдылары мен алған білімдерін тапсырмаларды шешуде қолдана білулерін, қару-жарақ пен әскери техниканы игергендігін, сондай-ақ жарғылармен және басқа да арнайы әдебиетпен өз беттерінше жұмыс істей білулерін тексеруді және бағалауды мақсат етеді.

Курстық емтихандарға дайындалу мен оларды тапсыру үшін студенттерге оқу жоспарымен емтихандық сессия кезінде бөлінетін уақыт есебінен 3-4 күн

беріледі.

123. Курстық емтихандарға оқу бағдарламаларымен белгіленген барлық зертханалық, практикалық және басқа да жұмыстарды тапсырған және әскери даярлықтың барлық пәндері бойынша аттестацияланған студенттер жіберіледі.

Курстық емтихандар әскери кафедра бастығымен бекітілген билеттер (тест сұрақтары) бойынша қабылданады. Әр билетке 3-5 сұрақ енгізіледі, олардың кем дегенде 1-2 практикалық сұрақтар. Курстық емтихандарды тест әдісімен қабылдауда оған 15-20 теориялық сұрақтар енгізіледі, практикалық (2-3) сұрақтар жеке тапсырылады. Егер тест пен практикалық сұрақ бағасы "өте жақсы " деп бағаланса, "өте жақсы" деген баға; екі жеке-жеке баға "жақсыдан" төмен болмаса, "жақсы"; екі баға "қанағаттанарлықтан" төмен болмаса, " қанағаттанарлық" бағасы; екеуінің бірі "қанағаттанарлықсыз" болса, " қанағаттанарлықсыз" деген баға қойылады.

Емтихандар мен сынақтарды цикл бастықтары - аға оқытушылар және аға оқытушылар қабылдайды.

Ағымдағы семестрдің емтихандары мен сынақтарын мерзімнен бұрын тапсыруға мерзімді әскери қызметін өтеген, әскери даярлық бойынша сабақтарға оң қарайтын және оқудың барлық пәндерінен жақсы аттестацияланған студенттер жіберілуі мүмкін.

124. Студенттердің емтихандардағы үлгерімі "өте жақсы", "жақсы", " қанағаттанарлық" және "қанағаттанарлықсыз" деген бағалармен анықталады.

Барлық бағалар емтихандық ведомоске, ал жақсылары - студенттің сынақ кітапшасына енгізіледі. Емтихан ведомостері мен сынақ кітапшаларында әскери пәндер әскери даярлық деп аталады.

Әскери даярлықтың емтихандар мен сынақтар өткізілмейтін пәндері бойынша курстық және семестрлік қорытынды бағалары ағымдағы бақылау негізінде қойылады. Қорытынды баға тек есеп журналдарына қойылады және қорытынды шығарған кезде есепке алынады.

Курстық емтихандарды тапсырмаған студенттер, емтиханды қайта тапсыруға әскери кафедра бастығы бекіткен уақытта жіберіледі.

Белгіленген мерзімде курстық емтихандарды немесе сынақтарды тапсырмаған және әскери даярлықтың екі не одан артық пәндерінен " қанағаттанарлықсыз" бағалары студенттер, әскери кафедра бастығының ұсынысы бойынша оқу орны ректорының бұйрығымен әскери даярлықтан шектеледі.

Қанағаттанарлықсыз баға алған емтиханды емтихандық сессия кезінде қайта тапсыруға рұқсат етілмейді. Емтиханды қайта тапсыру екі реттен артық рұқсат етілмейді.

Емтиханды қайта тапсырудың екінші ретінде, оны әскери кафедра

бастығының бұйрығымен тағайындалатын комиссия қабылдайды.

125. Оқу жылындағы әскери даярлық қорытындысы мен оқу жиындарын өткізу қорытындысы бойынша әскери кафедраның бастығы бұйрық шығарады.

Әскери даярлық бойынша қорытынды шығаруда студенттердің жеке бағасы осы Нұсқаулықтың 150 бабындағы талаптарға сәйкес қойылады. Әскери даярлықтың үздік бітірушісі болып әскери даярлық бағдарламасын игергендігі үшін "өте жақсы" деген жалпы бағасы бар, мінсіз тәртіпті және әскери ғылыми жұмысқа белсенді қатысатын студент саналады.

126. Бітіру емтихандары запастағы офицерлерді даярлаудың қорытынды кезеңі болып табылады. Олар студенттердің әскери даярлық бағдарламасын игеру деңгейін тексеруді, теориялық білімдерінің деңгейін, олардың дағдылары мен алған білімдерін тапсырмаларды шешуде қолдана білулерін, қару-жарақ пен әскери техниканы игергендігін, сондай-ақ жарғылармен және басқа да арнайы әдебиетпен өз беттерінше жұмыс істей білулерін тексеруді және бағалауды мақсат етеді.

127. Бітіру емтихандары Жоғары оқу орындары жанындағы әскери кафедралар туралы Ереженің талаптарына сәйкес ұйымдастырылады.

Бітіру емтихандарына әскери кафедрадағы әскери даярлықтың толық курсын және әскери бөлімдердегі оқу жиындарын өткен студенттер жіберіледі. Әскерлердегі және оқу орындарындағы (оқу орындарындағы бітіру емтихандары студенттердің оқу жиындарын толығымен өткеннен кейін өткізіледі. Бітіру емтихандарын өткізуге қажетті уақыт оқу орындарының ректорларымен бөлінеді ) бітіру емтиханын өткізу үшін оқу взводына үш күн (2 күн даярлыққа және 1 күн емтиханды тапсыруға) бөлінеді.

128. Бітіру емтиханы оқу орындарында және әскери бөлімдердегі аумақта, парктерде, полигондар мен басқару орындарында, атыс және арнайы қалашықтарда, атыс далаларында, қажетті әскери техниканы, қару-жарақты қолданумен арнайы сыныптарда (зертханаларда) өткізіледі және оған студенттердің бағдарлама көлеміндегі білімдерін, қабілеттері мен дағдыларын тексеру жатады.

129. Әскери даярлық бойынша студенттерден бітіру емтихандарын қабылдау үшін әрбір оқу орнында бітіру емтихандық комиссиясы тағайындалады. Ол комиссия тағайындау туралы бұйрық шыққан күннен бастап жыл бойы жұмыс істейді. Студенттердің даярлығы екі не одан көп мамандықтар бойынша жүргізілетін кафедраларда бітіру емтихандық комиссиясы әрбір әскери мамандық бойынша шағын комиссияларға бөлінуі мүмкін.

130. Әскерлердегі бітіру емтихандарын қабылдау жөніндегі комиссиялардың (шағын комиссиялардың) төрағалары болып студенттердің оқу жиындары өткізіліп жатқан әскери бөлімдердің, құрамалардың командирлері

тағайындалады.

Бітіру емтихандық комиссияларының жұмысы басталмас бұрын олардың төрағаларымен нұсқаулық кеңестер өткізіледі.

131. Бітіру емтихандық комиссияларының төрағалары болып жоғары әскери білімі және ерекше жағдай ретінде, жоғары білімі мен студенттердің әскери даярлық бейініне сәйкес мамандығы бар офицерлер: кемі 50% сол оқу орнынан, 40-50% әскери бөлімдерден, Қорғаныс министрлігінің әскери-оқу орындарынан және басқа оқу орындарының әскери кафедраларынан тағайындалады. Бітіру емтихандық комиссияларының құрамына сондай-ақ, оқу орындары ректораттарының өкілдері кіруі мүмкін.

Бітіру емтихандық комиссияларының мүшелері: құрамалар мен бөлімшелер командирлерінің бұйрықтарымен бітіру емтихандарының әскерлерде, оқу орындары ректорларының бұйрықтарымен - бітіру емтихандарының оқу орындарында өткізілу кезінде тағайындалады.

Студенттерден бітіру емтихандарын қабылдау жөніндегі бітіру емтихандық комиссияларының (шағын комиссияларының) төрағаларын тағайындау үшін оқу орындарының ректорлары жыл сайын, жиындардың басталуынан 2-3 ай бұрын Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери білім беру Бас басқармасына офицер құрамының бөлінуі туралы тапсырыс ұсынады.

132. Бітіру емтихандарын өткізер алдында әскери кафедра емтихандық билеттерді (тест сұрақтарын), лездемелерді, тапсырмаларды, бітіру емтихандарының кестесін, оқу және көрнекі құралдарының тізімін, емтихандарда қолданылуы мүмкін материалдық қамтамасыз ету құралдарының (қару-жарақ, әскери техника, құрал-жабдықтар және т.б.) тізімін өңдейді. Аталған құжаттар емтихандардың басталуына кемі бір ай қалғанда өңделеді.

Әскери кафедрамен сондай-ақ, студенттердің әскери даярлық бойынша курстық емтихандар мен сынақтарды тапсырулары және олардың оқу жиындарынан өткендігі, әскери ант қабылдағандығы мен тәртіптігі туралы анықтама әзірленеді.

133. Билеттер (тест сұрақтары), лездемелер және бітіру емтиханының тапсырмалары әскери кафедра мәжілісінде өңделеді және талқыланады. Әр билетке 4-5 сұрақтан (олардың 2-3 практикалық) енгізіледі. Билеттердегі сұрақтар бітіру емтиханына шығарылатын пәндер бойынша бағдарламаның барлық тарауларын қамту керек. Студенттердің тактикалық (тактикалық-арнайы) тапсырмаларды шешу қабілеттерін тексеру үшін нөмерлері билеттерде көрсетілетін лездемелер өңделеді.

Бітіру емтиханын тест әдісімен өткізуде тестке бітіру емтиханына шығарылатын әрбір пән бойынша 15-20 сұрақ енгізіледі.

Билеттердің саны взводтағы емтихан тапсырушы студенттердің санынан 10%

артық болуы тиіс. Емтихан билеттерімен алдын ала таныстыруға тиым салынады .

134. Бітіру емтихандық комиссиясының төрағасы және мүшелері емтихан қабылдау басталмас бұрын әскери кафедра бастығының (оқу жиындарында әскери кафедраның бастығы болмай қалған жағдайда әскери кафедрадан тағайындалған офицер - топ жетекшісі сөз сөйлейді) оқу орнында студенттердің әскери даярлық бағдарламасын орындаулары және олардың оқу жиындарын өтулері туралы баяндамасын тыңдайды, Запастағы офицерлер бағдарламасы бойынша жоғары оқу орындары студенттерінің (курсанттарының) әскери даярлығы туралы Ереженің, Оқу орындарының әскери кафедралары туралы Ереженің, әскери даярлық бағдарламаларының, осы Нұсқаулықтың және басқа да басшылыққа алынатын құжаттардың талаптарын оқып біледі, оқу-тәрбие процесінің және оқу материалдық-техникалық базасының ұйымдастырылуымен танысады, кафедрамен ұсынылған құжаттар мен материалдарды қарайды.

Әскери кафедра бітіру емтихандық комиссиясына бітіру емтиханына жіберілген студенттердің тізімін, оқу орнының ректорымен (оқу жиыны бастығымен) бекітілген емтихан өткізу кестесін, емтихандық комиссия мәжілістерінің хаттамалар ведомостері мен бланктерін және басқа да қажетті материалдар мен құжаттарды ұсынады.

Бітіру емтихандық комиссиясының төрағасы бітіру емтиханы басталмас бұрын комиссия жұмысының жоспарын, шағын комиссияның құрамын, емтихан билеттерін, жауапқа дайындалу кезінде студенттердің қолдануына рұқсат етілетін көрнекі құралдары мен анықтама тәрізді материалдардың тізімін бекітеді , емтиханды қабылдау тәртібін, білімдері мен практикалық дағдыларын бағалаудың бірдей талаптарын, сондай-ақ емтихандарды өткізу мәселелері бойынша студенттер мен офицерлерді жеке қабылдау уақытын анықтайды, комиссия мүшелерімен бітіру емтиханын ұйымдастыру бойынша нұсқау кеңесін өткізеді және олардың міндеттерін өзара белгілейді.

Бітіру емтихандық комиссиясы мүшелерінің келмегендігі немесе кешігуі жайлы оның төрағасы жұмыс басталар алдында Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі Кадрлар және әскери білім департаментінің бастығына баяндайды және бітіру емтихандық комиссиясының үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету шараларын қабылдайды.

135. Взводтағы емтихан өткізу орнында әскери даярлық бағдарламасы, емтихан ведомосі, емтихан билеттері, тактикалық лездемелер мен практикалық жұмыстарға арналған тапсырмалар, қажетті техника, қару-жарақ пен құралдар, жауынгерлік жарғылар, анықтама әдебиет және топографиялық карталар, оқу сабақтарының есеп журналы болуы тиіс.

136. Емтихан басталар алдында оқу взводтарының жеке құрамы комиссия

төрағасына өзін таныстырады; студенттерге комиссия құрамы мен емтихандарды тапсыру тәртібі жарияланады.

137. Емтихан басталған кезде жауапқа дайындалу үшін 3-4 адам шақырылады .

Бір студент емтихан тапсырып болған соң келесісі шақырылады. Емтихан тапсыруға келген студент комиссия (шағын комиссия) төрағасына өзінің келгендігі туралы айтып, оның рұқсаты бойынша билет алады және нөмерін атайды, мазмұнымен танысады, оқу бөлімінің мөрі басылған таза парақтарды алады да, рұқсат алған соң жауапқа дайындалады. Жауапқа дайындалу үшін студенттерге 45 минутқа дейін уақыт, ал билет бойынша жауап беруге 30 минут беріледі.

Емтихан кезінде студенттер әскери даярлық бағдарламаларын, сондай-ақ анықтамаларды, карталарды, кестелерді, сөздіктерді, макеттерді, плакаттарды және емтихандық комиссия төрағасымен бекітілген тізімге сәйкес басқа да құралдарды қолдана алады.

Жауап беруге дайын екендігі туралы студент комиссия (шағын комиссия) төрағасына баяндайды, және рұқсат алған соң, емтихан билетінің сұрақтарына жауап береді.

138. Студенттерден емтихандарды қабылдау емтихандық комиссияның барлық мүшелерінің қатысуымен өткізіледі. Емтихан билетінің теориялық сұрақтарына студенттер материалдық құралдарды, макеттерді, плакаттарды, кестелерді қолдана отырып, жауап береді.

Теориялық сұрақтарға жауап берген соң және практикалық жұмыстарды орындағаннан кейін емтихан тапсырушы қойылған сұрақтарға жауап қайтарғандығы туралы комиссия (шағын комиссия) төрағасына баяндайды. Емтихан тапсырушының жалпы білімін тексеру мақсатында комиссия мүшелері бағдарламалық материал көлемінде қосымша сұрақтар қоя алады.

Егер емтихан тапсырушы студент билет сұрақтарына жауап қайтара алмаса, басқа билет алуға рұқсат беріледі, бірақ жауабының бағасы бір балға төмендейді. Сұрақтарына жауап берілген билеттер емтихан тапсырушы оқу взводында ( тобында) қайта қолданылмайды.

Емтихан тапсырушылардың білімін бағалауда келіспеушілік туған жағдайда соңғы шешімді комиссия төрағасы қабылдайды.

139. Емтихан барысындағы студенттер білімдерінің және практикалық дағдыларының бағасы пәндердің жеке бағалары, билет сұрақтарына қайтарған жауаптары бойынша анықталады. Үш, төрт (бес) жеке баға болған жағдайда: жеке бағалардың біреуі (екеуі) ғана "жақсы", ал басқалары, соның ішінде практикалық жұмыс, "өте жақсы" болса, "өте жақсы" деген баға; жеке бағаларының біреуі (екеуі) ғана "қанағаттанарлық", ал басқалары, соның ішінде

практикалық жұмыс, "жақсы" немесе "өте жақсы" болса "жақсы"; практикалық жұмыс бағасынан басқа жеке бағаларының біреуі ғана "қанағаттанарлықсыз" болса, "қанағаттанарлық" бағасы; қойылған шарттар қанағаттанарлық бағаға орындалмаған болса "қанағаттанарлықсыз" бағасы қойылады.

Егер емтиханда тексерудің екі формасы - ауызша жауап беру және практикалық тапсырманы шешу белгіленген болса, жалпы бағасы: ауызша жауап беру мен практикалық тапсырманы шешу бағалары "өте жақсы" болған жағдайда "өте жақсы"; екі жеке бағалары "жақсыдан" төмен болмаса "жақсы"; екі жеке бағалары "қанағаттанарлықтан" төмен болмаса "қанағаттанарлық"; екеуінің біреуі "қанағаттанарлықсыз" болса "қанағаттанарлықсыз" баға қойылады. Бітіру емтихандарында көрсетілген студенттердің білімдері мен практикалық дағдыларының қорытынды бағасы осы Нұсқаулықтың 146-150 баптарына сәйкес анықталады. Әр оқу взводының бітіру емтиханын тапсыру қорытындылары хаттамамен рәсімделеді (20 қосымша).

Әскери даярлық бойынша бітіру емтихандарын тапсырмаған студенттер Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі Кадрлар және әскери білім департаментінің бастығы белгілеген мерзімде қайта тапсыруға жіберіледі.

140. Бітіру емтихандық комиссиясының төрағасы бітіру емтихандарын қабылдау аяқталған соң қорытынды есеп жасайды. Онда бітіру емтихандық комиссиясының жеке құрамын, бітіру емтихандарын тапсыруға тартылатын және әскери даярлық бойынша (әрбір мамандық бойынша) бітіру емтихандарын тапсырған студенттердің санын, бітіру емтихандарының қорытындыларын, студенттердің бағдарламаны игерудегі жетістіктері мен кемшіліктерін, студенттерге әскери білім беру сапасын арттыру жөніндегі ұсыныстарды көрсетеді.

Есепке комиссия төрағасы мен хатшысының қолдары қойылады және бір апта ішінде Қорғаныс министрлігі әскери білім беру Бас басқармасының бастығына әріде Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары - Бас штаб бастығына баяндау үшін жолданады. Есептің көшірмесі оқу орнының ректорына жіберіледі.

## 12. Студенттердің әскери кафедралардағы әскери даярлығын тексеру

141. Кафедраларда жан-жақты және жеке тексерулер жүргізіледі.

Жан-жақты тексерулер Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің және олардың орынбасарларының бұйрықтары мен директиваларының, тиісті мамандықтар бойынша студенттердің әскери даярлығына тікелей басшылық ететін бастықтар

бұйрықтарының және олардың әскери білім алу бағдарламаларының кафедраларда орындалуын, Отанына және Қазақстан Республикасы Үкіметіне шексіз берілген запастағы білікті офицер кадрларының даярлығы қалай өтіп жатқандығын анықтауды мақсат етеді.

Жеке тексерулер әскери кафедралар қызметінің кейбір мәселелері бойынша қажеттілігіне қарай өткізіледі.

Тексерулер оқу орнының оқу-тәрбие процесіне нұқсан келтірместен жүргізіледі. Кейбір жағдайда әскери кафедрадағы оқу сабақтарының кестесіне өзгерістер енгізуге рұқсат етіледі.

142. Жан-жақты тексерулер Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі Кадрлар және әскери білім департаментінің бастығымен әзірленетін бірыңғай жылдық жоспар бойынша Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің комиссияларымен жүргізіледі.

Жоспар, қажеттілігіне қарай, Білім және ғылым министрлігімен келісіледі және Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары - Бас штаб бастығымен бекітіледі.

Әскери кафедраларды тексеруде комиссиялар құрамына Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің, сондай-ақ тексеріліп отырған оқу орны бағынатын Қазақстан Республикасы министрліктері мен ведомстволарының өкілдері қатыса алады.

Әскери кафедраны жан-жақты тексеру 4-5 жылда бір рет жүргізіледі.

Қанағаттанарлықсыз баға алған кафедра алдыңғы тексеруден соң келесі жылы қайта тексеріледі. Тексеру ұзақтылығы 8-10 күн.

143. Әскери кафедраларды жан-жақты тексерудің негізгі элементтеріне оқу жұмысының ұйымдастырылуы, студенттердің әскери даярлық бағдарламасын игеруі, офицерлер мен прапорщиктердің кәсіби даярлығы, оқытушы құрамның оқу сабақтарын жүргізу сапасы, әдістемелік жұмыс жағдайы, оқу материалдық-техникалық базасының жағдайы, ішкі қызмет пен ішкі тәртіп жағдайы жатады. Сондай-ақ, әскери-ғылыми, ғылыми-зерттеу, шығармашылық және рационализаторлық жұмыс жағдайы, әскери кафедраны офицер құрамымен, прапорщиктермен және оқу-көмекші құрамымен жинақтау сапасы, құпиялық режим және құпия іс жүргізу жұмысы мен студенттердің әскери даярлығына жетекшілік етудің сапасы тексеріледі.

Бастықтардың нұсқауы бойынша тексеру бағдарламаларына басқа да мәселелердің енгізілуі мүмкін.

Жан-жақты тексеру бағдарламалары комиссия жұмысының басталуына 7-10 күн қалғанда тиісті оқу орындарының ректорлары мен әскери кафедралардың бастықтарына дейін жеткізіледі.

144. Әскери кафедраны жан-жақты тексеру, әдеттегідей, студенттер әскери

даярлығының, әскери кафедрадағы офицерлердің, сондай-ақ әскери даярлық күндері оның оқу сабақтарына қатысқан студенттердің саптық қарауын өткізудің жағдайы туралы оның бастығының баяндамасын тыңдаудан басталады.

145. Оқу жұмысының ұйымдастырылуы әскери кафедра мен циклдарда жоспарлау, есеп құжаттары бойынша және оқу сабақтары кезінде тексеріледі.

Сонымен қатар оқу процесін ұйымдастыру бойынша 21 қосымшада көрсетілген құжаттардың өңделуі мен сапасы, олардың белгіленген талаптарға сәйкестігі, әскери даярлық бағдарламасының орындалу дәрежесі, оқытылатын пәндер тақырыптарын өтудің дәйектілігі, оқытушы құрамның оқу жүктемесі және оның белгіленген нормаларға сәйкестігі, әскери кафедраның студенттерді оқу жиындарына дайындау бойынша іс-шаралары, оқу сабақтарының кафедра басшылығымен бақылауға алынуының ұйымдастыруы мен тиімділігі, офицерлер мен студенттердің өз бетінше жұмысын ұйымдастыру зерделенеді.

Оқу жұмысын ұйымдастырғандығы үшін әскери кафедраға:

оқу жұмысын жоспарлау, ұйымдастыру және есепке алу бойынша барлық құжаттар дер кезінде орындалып, студенттердің әскери даярлығы бойынша оқу процесінің сапалы ұйымдастырылуы және олардың оқу материалын игергендігі қамтамасыз етілсе, оқыту бағдарламасы орындалса, оқу сабақтарын, студенттердің өз бетінше даярлығын бақылау және олардың үлгерімін талдау, оқу процесін жақсарту бойынша кафедрамен өткізілетін іс-шаралар жүйелі өткізіліп отырса "қанағаттанарлық"; қойылған шаралар "қанағаттанарлық" бағаға орындалмаған болса "қанағаттанарлықсыз" баға қойылады.

146. Студенттердің әскери даярлық бағдарламасын игергендігі, әдеттегідей, оқу орнында запастағы офицерлер даярланатын барлық әскери мамандықтар бойынша тексеріледі. Әрбір әскери мамандық студенттері барлық негізгі пәндер, сондай-ақ тексеру бағдарламасында көрсетілген басқа да пәндер бойынша тексеріледі.

Негізгі пәндер бойынша, әдеттегідей, кемі екі оқу взводы тексеріледі. Оқу взводының студенттері бір күнде әскери даярлықтың бір-екі пәндері бойынша тексерілуі мүмкін.

Студенттердің білімдері мен практикалық дағдыларын оқу орындарында тексеру тәртібі комиссия төрағасымен бекітіледі.

Студенттердің білімін тексеру өткен бағдарлама көлемінде теориялық сұрақтар мен практикалық жұмыс бойынша бақылау сабақтары кезінде өткізіледі.

Студенттердің практикалық дағдылары тактикалық (тактикалық-арнайы) және арнайы сабақтарда, техникада, қару-жарақта, құрал-жабдықтарда, құралдарда және нормативтерді орындауда тексеріледі. Баға шығаруда практикалық дағдылар негізгі болып саналады.

Тексеру кезінде емтихандар немесе сынақтар өткізіліп жататын болса, студенттердің бағдарламаны игергендігінің сапасы емтихандар мен сынақтар кезінде тексерушілермен анықталады.

Жан-жақты тексеру кезінде тексерілетін оқу взводтарының тізімін комиссия төрағасы анықтайды. Тексеруге ұсынылған оқу взводына әскери кафедрадағы оқу бөлімі бастығының қолы қойылатын екі данадағы баға ведомосі толтырылады.

Келмеген студенттерге келмегендіктерінің себептері көрсетілген құжаттар ұсынылады.

147. Студенттердің әрбір пән бойынша әскери даярлық бағдарламасын игергендігі үшін қойылатын жеке және жалпы бағалары бұйрықтарға, нұсқауларға, атып үйрену мен машина жүргізу курстарына сәйкес нормативтер жинағымен және басшылыққа алынатын басқа да құжаттармен анықталады.

148. Баға көрсеткіштері жоқ пән бойынша студенттердің әскери даярлық бағдарламасын игергендігінің жеке бағасы төмендегідей анықталады:

тексеруден өтуші бағдарламалық материалдан терең және нақты білімін көрсетіп, дер кезінде дұрыс шешім қабылдаса, бұйрықтарды анық айта білсе және белгіленген нормативтерді сенімді орындаса "өте жақсы"; тексеруден өтуші бағдарламалық материалды терең біліп, оны қатесіз жеткізіп, алған білімдерін практикалық тапсырмаларды шешуде дұрыс қолдана білсе, қару-жарақ пен техниканың материалдық бөлімінің жұмыс істеу тәсілдерін сенімді қолданса, белгіленген нормативтерді орындауда нақты дағдылары болса "жақсы"; тексеруден өтуші тек негізгі материалды біліп, кейбір жағдайларда толық жауап беру үшін қосымша сұрақтарды талап етсе, қателіктер жіберіп, бұйрықтарды анық айта білмесе, қару-жарақ пен техниканың материалдық бөлімімен жұмыс істеуде және нормативтерді орындауда сенімсіздік білдірсе "қанағаттанарлық"; тексеруден өтуші қойылған сұрақтарға жауап беруде айтарлықтай қателер жіберіп, алған білімдерін іс жүзінде қолдана алмаса, қару-жарақ және техникамен жұмыс істеудегі дағдылары төмен болып, белгіленген нормативтерді "қанағаттанарлық" бағаға орындамаса "қанағаттанарлықсыз" деген баға қойылады.

Студенттердің жеке бағасы тапсырмаларды, нормативтерді орындағаннан кейін; топтық жаттығулар кезінде - сабақтың соңынан жарияланады.

149. Баға көрсеткіштері жоқ пәндер бойынша студенттердің әскери даярлық бағдарламасын игергендігі үшін оқу взводына, әскери кафедраға қойылатын жалпы баға:

тексеруден өткендердің кем дегенде 90% жақсы баға алған жағдайда, оның кемі 50% "өте жақсы" болғанда "өте жақсы";

тексеруден өткендердің кем дегенде 80% жақсы баға алған жағдайда, оның

кемі 50% "өте жақсы" және "жақсы" болғанда "жақсы";

тексеруден өткендердің кем дегенде 70% жақсы баға алған жағдайда "қанағаттанарлық"; қойылған шаралар "қанағаттанарлық" бағасына орындалмаған жағдайда "қанағаттанарлықсыз" баға қойылады.

150. Әрбір әскери мамандық бойынша студенттермен әскери даярлық бағдарламасын игерудің жалпы бағасы: тексеруден өтушілер оқу барысындағы негізгі пәндер бойынша "өте жақсы" бағасын, ал қалғандарынан "жақсыдан" төмен емес баға алса "өте жақсы"; тексеруден өтушілер оқу барысындағы негізгі пәндер бойынша "өте жақсы" және "жақсы" бағаларын, ал қалғандарынан "қанағаттанарлықтан" төмен емес баға алса "жақсы"; тексеруден өтушілер оқу барысындағы негізгі пәндер бойынша "қанағаттанарлықтан" төмен емес баға, ал қалғандарынан - біреуден артық емес "қанағаттанарлықсыз" бағасын алса "қанағаттанарлық"; тексеруден өтушілер негізгі пәндердің бірінен немесе қалған пәндердің екеуі не одан артығынан қанағаттанарлықсыз бағасын алса "қанағаттанарлықсыз" баға қойылады.

151. Бірнеше әскери мамандықтар бойынша студенттердің әскери даярлық бағдарламасын игеруінің жалпы бағасы әрбір әскери мамандық бойынша алынған бағалардың негізінде анықталады:

жалпы оқушылар санының 50% не одан көбі әскери мамандықтар бойынша студенттер даярлығының бағасы "өте жақсы", ал басқаларынан "жақсыдан" төмен емес болса "өте жақсы"; жалпы оқушылар санының 50% не одан көбі әскери мамандықтар бойынша студенттер даярлығының бағасы "өте жақсы" және "жақсы", ал басқаларынан "қанағаттанарлықтан" төмен емес болса "жақсы"; оқушылар саны 20% және одан кем емес болған жағдайда біреуінен басқа барлық әскери мамандықтар бойынша студенттер даярлығының бағасы оң бағаланса "қанағаттанарлық" оқушылар саны 20% және одан кем емес болған жағдайда біреуінен басқа барлық әскери мамандықтар бойынша студенттер даярлығының бағасы "қанағаттанарлықсыз" бағаланса "қанағаттанарлықсыз" баға қойылады.

Студенттермен әскери кафедрадағы бірнеше мамандық бойынша даярлық бағдарламасын игерудің жалпы бағасын анықтау 22 қосымшада көрсетілген.

152. Офицерлердің, прапорщиктердің кәсіби даярлығы бекітілген бағдарлама көлемінде тексеріледі.

Тексеру офицерлер кәсіби даярлығының негізгі және басқа да пәндері бойынша даладағы бақылау жаттығуларында, басқару пункттерінде және жауынгерлік жұмыстың басқа объектілерінде, оқу қалашықтарында, полигондарда, атыс алаңдарында және т.б. жерлерде өткізіледі. Практикалық дағдылар нормативтерді, атыс жаттығуларын орындау және машина жүргізу, әскери техникада және қару-жарақпен жұмыс істеп үйрену жолымен тексеріледі.

Әскери даярлық бойынша оқытушылардың штаттық қызмет орындарында

жұмыс істеп жүрген запастағы офицерлер тек өздері студенттермен оқу сабақтарын жүргізген пәндер бойынша ғана тексеріледі.

153. Офицерлер, прапорщиктер даярлығы деңгейінің жеке бағасы және оқыту пәні (даярлық түрі) бойынша кафедраға қойылатын жалпы баға бұйрықтарға, нұсқауларға, атып үйрену және машина жүргізу курстарына, нормативтер жинағына және басшылыққа алынатын басқа да құжаттарға сәйкес анықталады.

Баға көрсеткіштері жоқ оқу пәндері бойынша офицерлер, прапорщиктер даярлығы деңгейінің жеке және жалпы бағалары осы Нұсқаулықтың 147 және 148 баптарында көрсетілген талаптарға сәйкес анықталады.

154. Офицердің, прапорщиктің кәсіби даярлық деңгейінің жеке нақты бағасы тексеруден өтушінің әрбір оқу пәні бойынша алған бағаларының негізінде анықталады:

тексеруден өтуші оқу барысындағы негізгі пәндер бойынша (ал профессороқытушы құрам үшін оқу сабағын өткізу сапасы да бағаланады) "өте жақсы" бағасын, ал қалғандарынан "жақсыдан" төмен емес баға алса "өте жақсы" ; тексеруден өтуші оқу барысындағы негізгі пәндер бойынша (ал профессор-оқытушы құрам үшін оқу сабағын өткізу сапасы да бағаланады) "өте жақсы" және "жақсы" бағаларын, ал қалғандарынан "қанағаттанарлықтан" төмен емес баға алса "жақсы"; тексеруден өтуші оқу барысындағы негізгі пәндер бойынша (ал профессор-оқытушы құрам үшін оқу сабағын өткізу сапасы да бағаланады) "қанағаттанарлықтан" төмен емес баға, ал қалғандарынан - біреуден артық емес "қанағаттанарлықсыз" бағасын алса "қанағаттанарлық"; тексеруден өтуші негізгі пәндердің бірінен немесе қалған пәндердің екеуі не одан артығынан қанағаттанарлықсыз бағасын (ал профессор-оқытушы құрам үшін оқу сабағын өткізу сапасы да бағаланады) алса "қанағаттанарлықсыз" баға қойылады.

155. Офицерлердің, прапорщиктердің кәсіби даярлығы үшін әскери кафедраға қойылатын жалпы баға әрбір офицердің, прапорщиктің кәсіби даярлық бойынша алған жеке бағаларының жалпы көрсеткіші негізінде төмендегідей анықталады және қойылады:

тексерілген пәндер бойынша офицерлердің, прапорщиктердің 90% жақсы, оның 50% "өте жақсы" бағасын алса "өте жақсы"; тексерілген пәндер бойынша офицерлердің, прапорщиктердің кемі 80% жақсы, оның кем дегенде 50% "өте жақсы" және "жақсы" бағаларын алса "жақсы"; тексерілген пәндер бойынша офицерлердің, прапорщиктердің кемі 70% жақсы баға алса "қанағаттанарлық" бағасы қойылады.

Барлық жағдайларда кафедра офицерлерінің кәсіби даярлығы бойынша жалпы жақсы баға алу үшін пәнді оқыту күйі қанағаттанарлық болу керек;

қойылған шаралар "қанағаттанарлық" бағасына орындалмаған жағдайда "қанағаттанарлықсыз" баға қойылады.

156. Оқытушы құрамның оқу сабақтарын өткізу сапасы әскери кафедра оқытушыларының кем дегенде 50%-нен тексеріледі және бағаланады.

Оқу сабақтарын өткізу сапасын тексеруде: сабақтардың ұйымдастырылуы мен өткізу әдістемесінің бағдарлама талаптарына сәйкестігі; запастағы офицерге қажетті негізгі моральдық, кәсіби-жауынгерлік, психологиялық және дене қабілеттерінің сабақ барысында қалыптасуы және жетілдірілуі; жетекшінің жеке даярлығы, материалдың дұрыс жеткізілуі, оқушыларға командалық және практикалық дағдыларды үйрету тәсілдері мен әдістерінің тиімділігі; оқу уақытын пайдаланудың тиімділігі, оқу процесіне әскерлердің жауынгерлік даярлық, Ұлы Отан соғысының, қазіргі кездегі жергілікті соғыстардың, ғылым мен техника жетістіктерінің тәжірибесін енгізу; оқу сабақтарын материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз ету және белгіленген әскери мамандық бойынша студенттерді оқытуда оны дер кезінде қолдану; техникалық оқу құралдарын қолдана білу қабілеттері, студенттердің оқу сабақтарындағы тәртібі мен үлгерімі анықталады.

Оқу сабағын өткізу сапасы үшін оқытушыға қойылатын жеке баға 23 қосымшада көрсетілген кепілдемелерге сәйкес анықталады.

Оқу сабақтарын өткізу сапасы үшін әскери кафедраға қойылатын жалпы баға осы Нұсқаулықтың 149 бабында көрсетілген талаптарға сәйкес анықталады.

157. Әдістемелік жұмыс жағдайы әскери кафедрада және циклдарда тексеріледі.

Онда: әскери кафедра жұмысының жылдық және айлық жоспарларының орындалуы; оқу-әдістемелік құжаттарды әзірлеудің сапасы және дер кезінде орындалуы; өңделген құжаттардың бұйрықтар, нұсқаулар, басшылық және оқу бағдарламалары талаптарына сәйкестігі, олар білім берудің практикалық бағытын қандай дәрежеде көрсететіндігі; студенттерге командалық дағдыларды үйрету; әдістемелік кеңестерді, кафедра мәжілістерін, пән-әдістемелік комиссияларды өткізудің сапасы және оқыту әдістемесін жетілдіру бойынша олардың кепілдемелерін пайдалану дәрежесі; көрнекі, нұсқау-әдістемелік және ашық сабақтардың дер кезінде өткізілуі мен мақсаты; әскерлерді, әскери-оқу орындарын оқыту мен тәрбиелеудің озық әдістерін оқу процесіне енгізу; студенттерді оқыту мен тәрбиелеу мәселелері бойынша ғылыми зерттеулер жүргізу; пәндерді оқытудың жеке әдістемелерін өңдеу жағдайы; оқытудың техникалық құралдарын, көрнекі құралдарды, оқу процесінің тиімділігін және студенттердің әскери даярлық сапасын арттыруға қажетті оқу қару-жарағын және әскери техниканы қолданудың тиімділігі; пәндердің оқу және әдістемелік материалдармен қамтамасыздығы; әдістемелік бөлме жұмысының мазмұны мен тиімділігі; кафедра оқытушыларының оқытушылық шеберлігін арттыру жүйесі зерделенеді.

Әдістемелік жұмыс төмендегідей бағаланады:

әдістемелік жұмысты жоспарлау мен есептеу жөніндегі құжаттар дер кезінде және сапалы әзірленсе, оқу процесі кезекті семестр басталар алдында әдістемелік материалдармен қамтамасыз етілген болса, оқытушылардың идеялық-теориялық, ғылыми деңгейін және педагогтық шеберлігін арттыру бойынша мақсатты жұмыс жүргізілсе, тексерілген оқу сабақтарының әдістемелік деңгейі жақсы бағаланса "қанағаттанарлық"; қойылған шаралар "қанағаттанарлық" бағасына орындалмаған жағдайда "қанағаттанарлықсыз" баға қойылады.

158. Әскери кафедрадағы оқу материалдық-техникалық базаның жағдайы: кафедраның орналасуын, оның сынып-зертханалық қормен, қызмет бөлмелерімен, оқу қару-жарағымен, техникамен, мүлікпен, оқытудың техникалық құралдарымен қамтамасыз етілуін; қару-жарақ пен техниканы сақтаудың, іске асырудың, жөндеудің және есепке алудың ұйымдастырылуын; дала жаттығулары мен практикалық сабақтарға арналған оқу объектілерінің ( оқу-тактикалық алаңдардың, оқу-жаттықтырғыш қалашықтардың, гараждардың, парктердің, техникалық қызмет көрсету орындарының, атыс тирлерінің, саптық алаңдардың және т.б.) жағдайын және қолданылуын; даладағы жаттығуларға және техникамен жұмыс істеуге арналған арнайы киімдермен студенттердің қамтамасыз етілуін; оқу материалдық-техникалық базасын дамыту мен жетілдіру жөніндегі алдағы және жылдық жоспарлардың орындалу дәрежесін зерттеу нәтижесінде анықталады.

Әскери кафедрадағы оқу материалдық-техникалық базаның жағдайы төмендегідей бағаланады, егер:

1) әскери кафедра оқу орнының басқа кафедраларынан тыс орналасса, жабдықталған сыныптардың, аудиториялардың, көмекші бөлмелер мен басқа да арнайы бөлмелердің, белгіленген әскери мамандық бойынша студенттердің дала жаттығулары мен практикалық сабақтарына арналған оқу объектілерінің қажетті саны бар болса;

2) кафедра табелді қару-жарақпен, әскери техникамен, мүлікпен және арнайы киіммен, оқыту мен бақылаудың техникалық құралдарымен кемі 90%-ке жабдықталып, ал оларды сақтаудың, іске асырудың, қараудың, жөндеу мен есепке алудың ұйымдастырылуы нұсқаулар мен басшылықтың талаптарына сай келсе, қажетті қызмет басылымдары мен басқа да оқу әдебиеті бар болса;

3) барлық оқу және қызмет бөлмелері мен кафедраның объектілері қазіргі оқыту әдістемесінің талаптарына сай жабдықталса, жаттығулардың барлық түрлерін жоғары деңгейде өткізуді қамтамасыз етсе және студенттердің әскери даярлығы бойынша оқу процесінде тиімді қолданылса;

4) қару-жарақты, әскери техника мен мүлікті күзету ұйымдастырылса және белгіленген талаптарға сәйкес жүзеге асырылса "өте жақсы"; егер кафедра басқа

кафедралардан тыс орналасса және "өте жақсы" бағасын анықтайтын "1" және "2 " тараулары бойынша дала жаттығулары мен практикалық сабақтарға арналған оқу объектілері бар болған жағдайда кемі 85%-ке қамтамасыз етілген болса; техника мен қару-жарақты пайдаланудың, сақтаудың, қараудың және жөндеудің ұйымдастырылуы, сондай-ақ олардың күзетілуі белгіленген талаптарға сай келсе; оқу материалдық-техникалық базасы элементтерінің орналасуы мен құрал-жабдықтары әскери даярлық бойынша сабақтардың жоғары деңгейде өткізілуін қамтамасыз етсе "жақсы"; егер кафедра "өте жақсы" бағасын анықтайтын "1" және "2" тараулары бойынша кемі 80%-ке қамтамасыз етілген болса, техника мен қару-жарақты пайдаланудың, сақтаудың, қараудың және жөндеудің ұйымдастырылуы, сондай-ақ олардың күзетілуі белгіленген талаптарға сай келсе; оқу материалдық-техникалық базасы элементтерінің орналасуы мен құрал-жабдықтары негізінен оқыту әдістемесінің талаптарына жауап берсе "қанағаттанарлық"; егер оқу материалдық-техникалық базасы қойылған талаптарға "қанағаттанарлық" бағасына жауап бермесе немесе дұрыс қолданбаса "қанағаттанарлықсыз" баға қойылады.

159. Ішкі қызмет, ішкі тәртіп және тәрбие төмендегідей бағаланады:

егер ішкі қызмет пен ішкі тәртіп Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Ішкі қызмет Жарғысының талаптарына сәйкес ұйымдастырылып, жүзеге асырылынса "қанағаттанарлық"; кафедрада офицер құрамының, оқу-көмекші персоналдың және студенттердің белгіленген ережесі мен тәртібі ұсталынады; әскери даярлық бойынша оқу сабақтарына студенттердің қатысуы 90%-тен кем емес; әскери білім мен кафедраның жеке құрамын және студенттерді тәрбиелеудің біркелкі барысы қамтамасыз етіледі;

егер ішкі қызмет белгіленген талаптардың бұзылуымен орындалса немесе ішкі тәртіп жағдайы оқу процесінің бірқалыпты өтуін қамтамасыз етпесе " қанағаттанарлықсыз" бағаланады.

160. Әскери-патриоттық тәрбие мен бұқаралық-қорғаныс жұмыстың ұйымдастырылуы мен жүргізілуі кафедрада, циклдарда, оқу взводтарында тексеріледі.

Тексеру барысында: студенттердің бойында халқына, Отанына шексіз сенімі және оны қорғауға, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштеріндегі қызметке деген даярлығы;

іс-әрекеттердің ұйымдастырылу және өткізілу сапасы, оған оқытушы құрамының және студенттердің қатысуы және басқа да мәселелер зерделенеді.

Соңында әскери-патриоттық тәрбие мен бұқаралық-қорғаныс жұмыстың белгіленген мамандық бойынша запастағы офицерлерге қажетті адамгершілік, кәсіби-жауынгерлік және психологиялық қабілеттердің студенттермен қаншалықты меңгерілуін қамтамасыз еткені туралы қорытынды жасалады.

161. Әскери-ғылыми, ғылыми-зерттеу, шығармашылық және рационализаторлық жұмыстың жағдайы: алдағы және жылдық жоспарлардың орындалуындағы толымдық және сапалықпен; оқу процесін жетілдіруге арналған жұмыстардың орындалуымен, оқу материалдық-техникалық базаның дамуымен, әскерлердің жауынгерлік даярлығын зерделеумен және оқу процесіне енгізумен, негізгі пәндер бойынша оқу құралдары мен жеке әдістемелерді әзірлеу сапасымен, оқытушы құрамның ғылыми біліктілігімен; рационализаторлық ұсыныстарды пайдалану пайызымен; басшылықтың және кафедрадағы оқытушы құрам мен студенттердің әскери-ғылыми жұмысына қатысумен; кафедрада студенттер үшін әзірленген тақырыптың өзектілігімен және олар бойынша жұмыс істеумен анықталады.

Әскери-ғылыми, ғылыми-зерттеу, шығармашылық және рационализаторлық жұмыстың жағдайы төмендегідей бағаланады:

Әскери-ғылыми және ғылыми-зерттеу жұмысының келешектегі және жылдық жоспары әзірленіп, белгіленген мерзімде орындалып отырса, зерттеулердің тақырыбы өзекті және кафедра жұмысының бейініне сәйкес болса; басшылық етуші құрам мен кафедраның оқытушылары көзделген жоспарларды жүзеге асыруға белсенді қатысса;

әскери-ғылыми жұмыс ұйымдастырылып, студенттермен өткізіліп жатса " қанағаттанарлық"; талаптардың орындалуы екі не бірнеше көрсеткіш бойынша қамтамасыз етілмесе немесе әскери-ғылыми және ғылыми-зерттеу жұмысының көзделген жоспарлары жүйелі түрде орындалып отырмаса "қанағаттанарлықсыз" баға қойылады.

162. Әскери кафедраны офицерлермен, прапорщиктермен, оқу-көмекші персоналмен жинақтау олардың жұмыс істеу нәтижесімен анықталады. Мұндай жағдайда кафедраның жеке құраммен жинақталуы, офицерлердің прапорщиктердің жеке істері, офицерлерді оқытушы лауазымдарына іріктеу мен тағайындаудың дұрыстығы және олардың жинақталуы, әскери атақ беру және офицерлер мен прапорщиктерді марапаттау бойынша жұмысты ұйымдастыру, аттестациялық қорытындыларды жүзеге асыру, офицерлер үлгерімінің есебін жүргізу зерделенеді.

Кафедраны офицерлермен, прапорщиктермен және оқу-көмекші персоналмен жинақтаудың сапасы төмендегідей бағаланады:

кафедраның офицерлремен, прапорщиктермен жинақталуы кем дегенде 90%, оқу-көмекші персоналмен - кемі 80% болса, оқытушы құрам өзінің адамгершілік және кәсіби қасиеттері бойынша қызметіне сәйкес болса "қанағаттанарлық"; шаралар "қанағаттанарлық" бағаға орындалмаса "қанағаттанарлықсыз" баға қойылады.

163. Құпиялық режим мен құпия құжаттарды жүргізу Қазақстан

Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери бөлімдері, ұйымдары мен мекемелері үшін белгіленген талаптарға сәйкес тексеріледі. Аса құпия және құпия құжаттарды, сондай-ақ қару-жарақ пен техника үлгілерін есепке алу, сақтау мен таратудың дұрыстығына, грифтелген әдебиетті тарату тәртібіне, өткізу режимінің сақталуына, рұқсат қағаздарды рәсімдеуге, радио және радиотехникалық белгілерді бақылауға алуды ұйымдастыруға ерекше назар аударылады.

Зерделеу нәтижесінде кафедрадағы құпиялық режимнің ұйымдастырылуының және құпия құжаттардың жүргізілуінің белгіленген талаптарға сәйкестік дәрежесі туралы қорытынды шығарылады.

164. Студенттердің әскери даярлығына жетекшілік етудің сапасын тексеру кезінде кафедра бастығы, оның орынбасарлары, цикл бастықтары жұмысының тәсілі мен әдістері төмендегідей мәселелер негізінде зерделенеді: оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыру мен өткізу бойынша жүктелген міндеттерді орындаудың сапасы; жетекші құжаттар мен әскери даярлық бағдарламасы талаптарының орындалуын қамтамасыз ету, студенттерді адамгершілік, кәсіби-жауынгерлік, психологиялық және дене дағдыларына, жоғары тәртіп пен орындаушылыққа үйрету.

Сонымен қатар, студенттер әскери даярлығының жағдайы оқу орнының кеңесінде жиі қаралуы және запастағы офицерлерді даярлауды жақсарту бойынша олар қабылдайтын шешімдердің қолданылуы зерделенеді.

Әскери кафедраға жетекшілік етудің сапасы төмендегідей бағаланады:

тексерудің негізгі элементтері оң бағаланса "қанағаттанарлық"; шаралар " қанағаттанарлық" бағаға орындалмаған жағдайда "қанағаттанарлықсыз" баға қойылады.

165. Әскери кафедра жұмысының жағдайы төмендегідей бағаланады:

Әскери даярлық бағдарламасының студенттермен меңгерілуі, офицерлердің кәсіби даярлығы, оқу материалдық-техникалық базаның жағдайы "өте жақсы", оқу, әдістемелік, әскери-ғылыми және ғылыми-зерттеу жұмысын, ішкі қызметті, ішкі тәртіпті ұйымдастыру және студенттердің әскери даярлығына жетекшілік етудің сапасы "қанағаттанарлық", сондай-ақ құпиялық режим мен құпия құжаттардың жағдайы оң болып бағаланса "өте жақсы"; әскери даярлық бағдарламасының студенттермен меңгерілуі, офицерлердің кәсіби даярлығы, оқу материалдық-техникалық базаның жағдайы "өте жақсы" және "жақсы", оқу, әдістемелік, әскери-ғылыми және ғылыми-зерттеу жұмысын, ішкі қызметті, ішкі тәртіпті ұйымдастыру және студенттердің әскери даярлығына жетекшілік етудің сапасы "қанағаттанарлық", сондай-ақ құпиялық режим мен құпия құжаттардың жағдайы оң болып бағаланса "жақсы"; кафедраны тексерудің барлық элементтері оң бағаланып, соның ішінен төрт баллдық жүйе бойынша бағаланатын

тексерудің жоқ дегенде бір элементі "қанағаттанарлық" болып бағаланса " қанағаттанарлық";

шаралар "қанағаттанарлық" бағаға орындалмаған жағдайда " қанағаттанарлықсыз" баға қойылады.

166. Әскери кафедраны жан-жақты тексерудің нәтижелері бойынша акт жасалады. Онда тексерудің жақсы жақтарын, кемшіліктерін және олардың себептерін көрсетумен әрбір тарау бойынша жұмыс жағдайының анализі беріледі . Тараудың соңында баға қойылады. Акт қорытындымен және студенттердің әскери даярлығы бойынша әскери кафедра жұмысын бағалаумен және оны жақсарту жөніндегі ұсыныстармен, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің тиісті департаменттерінде (басқармаларында) шешілуі тиіс мәселелермен аяқталады.

Актіге әскери кафедраны тексеру жөніндегі комиссияның төрағасы мен мүшелері қол қояды және ол Бас штаб бастығымен - Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің бірінші орынбасарымен бекітіледі.

Оқу орындарының ректорлары тексеру аяқталғаннан кейін 10 күннен асырмай Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігіне әскери кафедраларды тексеру нәтижелері жөніндегі баяндамаларды, кемшіліктерді жою және комиссиялардың ұсыныстарын пайдалану жоспарларын ұсынады.

167. Жеке тексерулер қажет болған жағдайда Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі Кадрлар және әскери білім департаментінің, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі Кадрлар және әскери білім департаментінің келісімі бойынша өздерінің мамандықтарына сәйкес әскери кафедраларға жетекшілік ететін бастықтардың жоспарлары бойынша өткізіледі. Тексеру барысында тексеріліп отырған мәселенің жағдайы зерделенеді, қорытынды жасалады және кафедраның жұмысын жақсарту бойынша ұсыныстар әзірленеді. Жұмыс барысында кафедраға қажетті нақты көмек көрсетіледі. Кафедра жұмысының жалпы бағасы шығарылмайды. Тексеру жөніндегі баяндамаға комиссия төрағасы (топ жетекшісі) қол қояды және өздерінің мәлімдемелері бойынша тексеру жүргізілген бастықтарға жолданады.

168. Комиссияның жұмысы аяқталған кезде комиссия төрағасы тексеру нәтижелері туралы оқу орнының ректорын хабардар етеді, әскери кафедраның офицер құрамымен талдау жүргізіледі, қажет болған жағдайда талдау студенттердің әрбір әскери мамандығы бойынша циклдарда өткізілуі мүмкін.

## 13. Студенттердің оқу жиындарын әскери бөлімдерде және кемелерде тексеру

169. Студенттердің әскери бөлімдердегі оқу жиындары Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Кадрлар және әскери білім департаменті әзірлейтін жоспар, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қарулы Күштер түрлері тиісті қолбасшыларының, Қорғаныс министрлігінің департаменттері мен басқармалары бастықтарының жоспарлары, сонымен қатар бағынатын құрамаларда (бөлімдерде) бірлестіктер қолбасшыларының жоспарлары бойынша тексеріледі.

Бас штаб бастығының - Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің бірінші орынбасарының шешімі бойынша студенттердің оқу жиындарын әскери бөлімдерде тексеру жоспардан тыс өткізілуі мүмкін.

170. Студенттердің оқу жиындарын әскери бөлімдерде тексеру жан-жақты немесе жекелеген мәселелер бойынша дербес болуы мүмкін.

Жан-жақты тексерулер әскери бөлімге және әскери кафедраға баға қоюмен осы Нұсқаулықтың 171 бабына сәйкес өткізіледі.

Дербес тексеру кезінде әскери бөлім мен әскери кафедраға жалпы баға қойылмайды.

171. Оқу жиындарын жан-жақты тексеру кезінде: оқу жиындарын ұйымдастырудың сапасы, жиындардағы оқу сабақтарының және тәрбие жұмысының офицер құрамымен орындалу сапасы; студенттердің оқу жиындары бағдарламасын меңгеруі, ішкі тәртіп жағдайы және қызмет әскерлерін ұйымдастыру; әскери тәртіп жағдайы, оқу жиындарына жетекшілік ету тексеріледі.

Тексерудің мақсаты, мазмұны, уақыты мен тәртібін әрбір нақты жағдайда өздерінің мәлімдемесі бойынша жүзеге асыратын бастықтар анықтайды.

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің комиссиясымен жан-жақты тексерудің бағдарламасы комиссия жұмысы басталмас бұрын 5-7 тәуліктен кешіктірмей әскери бөлімдерге жеткізіледі. Оқу жиындарын әскери бөлімдерде жан-жақты тексерудің ұзақтығы 6-8 күн.

172. Оқу жиындарын өткізгендігі үшін әскери бөлім төмендегідей элементтер бойынша бағаланады: оқу жиынын ұйымдастырудың сапасы; оқу жиындарын материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз ету жағдайы; әскери бөлім офицерлерінің студенттермен оқу сабақтарын және тәрбие жұмысын жүргізу сапасы; оқу жиындарында ішкі тәртіп пен әскерлер қызметінің жағдайы; әскери тәртіп жағдайы және оқу жиындарына жетекшілік етудің сапасы.

173. Оқу жиынын ұйымдастырудың сапасы әскери бөлімде және оқу жиынының бөлімшелерінде тексеріледі. Мұндай жағдайда оқу-әдістемелік құжаттардың дер кезінде және сапалы әзірленуі, студенттер оқу жиындары бағдарламаларының орындалу дәрежесі, жиындарды әдебиетпен және құралдармен қамтамасыз ету, студенттердің оқу сабақтарын, өз бетінше

жұмыстарын және курсант бөлімшелеріндегі жауынгерлік даярлыққа бақылау жасауды ұйымдастыру мен өткізу, бітіру емтихандарын ұйымдастыру зерделенеді.

Оқу жиынын ұйымдастырудың сапасы төмендегідей бағаланады:

оқу жиындарындағы жауынгерлік даярлық ұйымдастырылып, үзіліссіз өткізіліп, оқу жиындарының бағдарламасы орындалып жатса, оқу жиынын әскери бөлімде жоспарлау және бітіру емтихандарын ұйымдастыру жөніндегі құжаттар сапалы әзірленген болса, оқу сабақтарының өткізілуіне бақылау жасау жиі өткізіліп тұрса "қанағаттанарлық"; шаралар "қанағаттанарлық" бағаға орындалмаған жағдайда "қанағаттанарлықсыз" баға қойылады.

174. Оқу жиындарын материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз етудің жағдайы қажетті әскери техниканың, қару-жарақтың, мүлік пен дала базасының ( оқу жаттықтыру қалашықтарының, тактикалық алаңдардың, жаттығу құралдарының, атыс орындарының, палигондардың, спорт кешендерінің және т.б .), моторесурстардың, жанар-жағар майдың және оқу жиындары бағдарламасының сапалы орындалуына қажетті басқа да жұмсау құралдарының саны мен қалпына байланысты анықталады.

Материалдық-техникалық қамтамасыз ету төмендегідей бағаланады:

оқу жиындарын қамтамасыз ету жөніндегі әскери кафедралардың тапсырыстары кем дегенде 90% орындалса, дала базасының, әскери техниканың, қару-жарақтың және әскери-оқу мүлкінің саны мен жағдайы студенттермен оқу сабақтарын жоғары әдістемелік деңгейде өткізуді қамтамасыз етсе; студенттер Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Ішкі қызмет Жарғысының талаптарына сәйкес орнықтырылып, белгіленген нормалар бойынша үлестің барлық түрлерімен қамтамасыз етілген болса "өте жақсы";

оқу жиындарын қамтамасыз ету жөніндегі әскери кафедралардың тапсырыстары кем дегенде 85% орындалса, дала базасының, әскери техниканың, қару-жарақтың және әскери-оқу мүлкінің саны мен жағдайы оқу жиындарындағы оқу барысының бірқалыпты өтуін қамтамасыз етсе; студенттер орнығып, белгіленген талаптар мен нормалар бойынша үлестің барлық түрлерімен қамтамасыз етілген болса "жақсы";

оқу жиындарын қамтамасыз ету жөніндегі әскери кафедралардың тапсырыстары 80%-тен кем орындалса, дала базасының, әскери техниканың, қару-жарақтың және әскери-оқу мүлкінің саны мен жағдайы оқу барысының бірқалыпты өтуін толығымен қамтамасыз етпесе; студенттер орнығып, белгіленген талаптар мен нормалар бойынша үлестің барлық түрлерімен қамтамасыз етілген болса "қанағаттанарлық";

оқу жиындарын қамтамасыз ету жөніндегі әскери кафедралардың тапсырыстары 80%-тен кем орындалса, дала базасының, әскери техниканың,

қару-жарақтың және әскери-оқу мүлкінің саны мен жағдайы белгіленген талаптарға жауап бермесе, оқу барысының бірқалыпты өтуін қамтамасыз етпесе; студенттерді орнықтыру мен оларды белгіленген талаптар мен нормалар бойынша үлестің барлық түрлерімен қамтамасыз ету айтарлықтай кемшіліктермен жүзеге асырылса "қанағаттанарлықсыз" бағаланады.

175. Әскери бөлім командирлерінің оқу сабақтары мен тәрбие жұмысын өткізуінің сапасы олар сабақ өткізу барысында, сондай-ақ оқу жиындарының жоспарларына сәйкес өткізілетін шаралардың тиімділігі негізінде анықталады.

Әскери бөлім командирлерінің оқу сабақтары мен тәрбие жұмысын өткізуінің жеке және жалпы бағасы осы Нұсқаулықтағы 149 және 156 баптардың талаптарына сәйкес анықталады.

176. Оқу жиынындағы ішкі тәртіп пен әскерлер қызметінің жағдайы төмендегідей бағаланады:

олар жалпы әскери жарғылардың талаптарына сәйкес ұйымдастырылып, жүзеге асырылса, студенттердің жарғы талаптарын орындауларына жиі бақылау жасалып отырса "қанағаттанарлық"; ішкі тәртіп пен әскерлер қызметі жалпы әскери жарғылардың талаптарын бұзумен жүзеге асырылса, ішкі қызмет тәртібі, қауіпсіздік ережелері мен күн тәртібі бұзылып отырса "қанағаттанарлықсыз" баға қойылады.

177. Әскери тәртіп жағдайы төмендегідей бағаланады:

Әскери тәртіп жалпы әскери жарғылардың талаптарына сәйкес оқу жиындарында ішкі тәртіп пен әскерлер қызметін ұстануды қамтамасыз етсе "қанағаттанарлық"; әскери тәртіп жағдайы оқу жиындарында белгіленген ішкі тәртіптің ұстануын қамтамасыз етпесе, әскерлер қызметі жарғылардың талаптарын бұзумен жүзеге асырылса "қанағаттанарлықсыз" баға қойылады.

178. Оқу жиынына жетекшілік ету сапасын тексеру кезінде әскери бөлім командирінің, оқу жиыны бастығының, оның орынбасарларының, курсант бөлімшелері командирлерінің төмендегідей мәселелер бойынша жұмысының әдістері зерделенеді: оқу-тәрбие процесіне жеке өздерінің қатысуы, оқу жиындары бағдарламасының табысты орындалуын қамтамасыз ету, студенттерді командалық және практикалық дағдыларға, дене қабілеттеріне, әдептілік пен орындаушылыққа үйрету, оқу жиыны жеке құрамының өмірі мен тұрмысы үшін жағдай жасау.

Студенттердің оқу жиынына жетекшілік етудің сапасы төмендегідей бағаланады:

барлық элементтер жақсы бағаланса "қанағаттанарлық";

шаралар "қанағаттанарлық" бағаға орындалмаған жағдайда "қанағаттанарлықсыз" баға қойылады.

179. Студенттердің оқу жиындарын ұйымдастыру мен өткізгендігі үшін

әскери бөлімге қойылатын баға:

әскери бөлім офицерлерімен өткізілген оқу сабағының сапасы мен жиындардың материалдық-техникалық қамтамасыздығының жағдайы "өте жақсыға" бағаланып, ішкі тәртіп жағдайы мен әскерлер қызметінің сапасы және оқу жиынына жетекшілік етудің сапасы "қанағаттанарлық" болса, жиындар әскери бөлімдерден бөлінетін тиісті әскери мамандық иелерінің лауазымды адамдарымен толығымен жинақталған жағдайда "өте жақсы";

әскери бөлім офицерлерімен өткізілген оқу сабақтарының сапасы, жиындардың материалдық-техникалық қамтамасыздығы "өте жақсыға" бағаланса , ішкі тәртіп пен әскерлер қызметінің, әскери тәртіп жағдайы және оқу жиынына жетекшілік етудің сапасы "қанағаттанарлық" болса, жиындар әскери бөлімдерден бөлінетін лауазымды адамдармен кемі 90% жинақталған болса "жақсы"; әскери бөлім офицерлерімен өткізілген оқу сабақтарының сапасы немесе материалдық-техникалық қамтамасыздығы "қанағаттанарлық" бола тұрып, тексерудің барлық элементтері жақсы бағаланса, жиындар әскери бөлімдерден бөлінетін лауазымды адамдармен кемі 85% жинақталған болса "қанағаттанарлық "; шаралар "қанағаттанарлық" бағаға орындалмаған жағдайда " қанағаттанарлықсыз" баға қойылады.

180. Әскери кафедраның оқу жиындары мынадай элементтер бойынша бағаланады: студенттердің оқу жиыны бағдарламасын меңгеруі, әскери кафедра оқытушыларының сабақ өткізу сапасы, студенттер қатарынан шыққан сержанттар құрамының даярлық деңгейі.

Әскери кафедра әскери бөліммен бірге ішкі тәртіп жағдайының ұстануына, оқу жиындарында әскерлер қызметі мен әскери тәртіпті ұйымдастыруға, студенттердің әскери бөлімге (оқу орнына) келуінің (кетуінің) дер кезінде орындалуы мен ұйымдастырылуына жауап береді.

181. Студенттердің оқу жиындары бағдарламасын меңгергендігін тексеру кезінде: дала жаттығулары, командалық әдістемелік дағдылары, саптық даярлық деңгейі, техника мен қару-жарақта жұмыс істей білуі, атып үйрену және машина жүргізу жаттығуларының орындалуы, сондай-ақ бағдарламада қарастырылған нормативтер, жауынгерлік және жалпы әскери дағдылардың ережелерін білу, мәлімдемелердің, басшылықтар мен нұсқаулықтардың және қазіргі кездегі майданда және әскерлердегі күнделікті қызметте қолдана білу.

Студенттердің әскери даярлық бағдарламаларын меңгеруі 147-151 баптардың талаптарына сәйкес бағаланады.

182. Оқу жиындарын әскери кафедра оқытушыларының сабақ өткізу сапасы осы Нұсқаулықтың 149 және 156 баптарының талаптарына сәйкес бағаланады.

183. Оқу жиындарындағы сержанттар құрамының (бөлімше командирінің, взвод командирінің, взвод командирі орынбасарының) даярлық деңгейі оқу

сабақтарының барысында және курсант бөлімшелерінің күнделікті өмірінде тексеріледі және төмендегідей бағаланады:

сержанттар өз міндеттерін біліп, оларды жалпы әскери жарғылардың талаптарына сәйкес орындаса, курсант бөлімшелерінде жоғары тәртіп ішкі ережелерді ұстай білсе "қанағаттанарлық";

шаралар "қанағаттанарлық" бағаға орындалмаған жағдайда " қанағаттанарлықсыз" баға қойылады.

184. Курсант бөлімшелеріндегі ішкі тәртіп жағдайы, әскерлер қызметі мен әскери кафедра оқытушыларының тәртібі жақсы бағаланған жағдайда әскери кафедраның жұмысы төмендегідей бағаланады:

әскери даярлық бағдарламасының студенттермен меңгерілуі және кафедраның оқытушы құрамымен өткізілген сабақтардың сапасы "өте жақсыға" бағаланса, әскери кафедрадан оқытушылардың қажетті саны бөлініп, олар студенттермен белсенді тәрбие жұмысын жүргізіп, оқу-әдістемелік құжаттар белгіленген талаптарға жауап берсе, сержанттар құрамы өз міндеттерін табысты орындаса "өте жақсы";

әскери даярлық бағдарламасының студенттермен меңгерілуі және әскери кафедраның оқытушы құрамымен өткізілген сабақтардың сапасы "жақсыдан" төмен емес, әскери кафедрадан оқытушылардың қажетті саны бөлініп, студенттермен қажетті тәрбие жұмысын өткізіп жатса, оқу-әдістемелік құжаттар белгіленген талаптарға жауап берсе, студенттер әскери бөлімге дер кезінде және ұйымдасып келсе, сержанттар құрамының даярлық деңгейі "қанағаттанарлық" болса "жақсы";

тексерудің барлық элементтері жақсы бағаланса, әскери кафедрадан оқытушылардың қажетті саны бөлінсе, оқу-әдістемелік құжаттар белгіленген талаптарға жауап берсе "қанағаттанарлық;

шаралар "қанағаттанарлық" бағаға орындалмаған жағдайда " қанағаттанарлықсыз" баға қойылады.

185. Студенттердің оқу жиындарын жан-жақты және дербес тексерудің нәтижелері бойынша баяндама жасалады. Онда: тексерудің әрбір тарауы бойынша жақсы жақтары мен кемшіліктері қаралады, студенттермен оқу-тәрбие жұмысын жүргізудің және әскери бөлім командирі мен әскери кафедра бастығының тарапынан жиындарға жетекшілік етудің сапасы мен тиімділігі туралы қорытынды шығарылады, оларды ұйымдастыру мен өткізуді жақсарту бойынша ұсыныстар көрсетіледі.

Баяндама өзінің өкімі бойынша тексеру жүргізілген бастыққа, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Кадрлар және әскери білім департаментіне және құрама (бөлім) командирлеріне ұсынылады. Оқу

жиындарын тексерудің нәтижелері жөнінде әскери кафедраның бастығы оқу орнының ректорына баяндайды.

Тексеру нәтижелері талқылау кезінде бөлім командиріне және оқу жиынының офицерлеріне жеткізіледі.

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрлігі
Кадрлар және әскери
білім департаментінің бастығы

Жоғары оқу орындары жанындағы
әскери кафедраларда оқу процесін ұйымдастыру
жөніндегі нұсқаулыққа
қосымшалар

N 21 бапқа
1 қосымша

"Бекітемін"
Оқу орнының ректоры ________________
________________
(қолы)

_____ ж."___"__________

20 _____ оқу жылына арналған __________________ әскери кафедра
(оқу орнының атауы)
жұмысының жоспары

Оқу, әдістемелік және тәрбие жұмысы бойынша жалпы мәселелері

1. ____________________________________________
2. ____________________________________________

---------------------------------------------------------------------------

N ! Іс-шаралардың атауы !Орындалу !Орындаушы !Орындалғандығы
п.п! !мерзімі ! !туралы баға

---------------------------------------------------------------------------

1 _____ жылға әскери даярлықты жоспарлау.
- Тақырыптық жоспарды өңдеу.

- Студенттердің оқу жылдары бойынша сағаттар есебі

2 Оқу жұмысы.
- Семестрлер бойынша оқу сабақтары.
- Курстық жұмыстар мен тапсырмалар.
- Әскерлердегі оқу жиындары.
- Оқу атыс жаттығуларын орындау және т.б.

3 Әдістемелік жұмыс.
- Әдістемелік сабақтар: нұсқау-әдістемелік, көрсету, ашық, сынақ (тақырыбы көрсетіледі)
- Кафедраның және пән-әдістемелік комиссиялардың мәжілістері.
- Әдістемелік жиындар (кафедрада, аумақта өткізілетін).
- Пәндерді оқытудың жеке әдістемесін өңдеу.
- Әдістемелік өңдеулерді, тапсырмаларды құру және т.б.
- Оқу сабақтарына өзара қатысу және т.б.
- Оқыту мен тәрбиелеудің үздік тәжірибесін жалпылау.

4 Кәсіби даярлық.
- жиындардағы және жиын аралығындағы кәсіби даярлық бойынша сабақтар (мамандық бойынша оқу сабақтары).

5 Әскери-ғылыми, ғылыми-зерттеу, рационализаторлық және шығармашылық жұмыс.
- Ғылыми-әдістемелік конференциялар (мазмұны).
- Әскери-ғылыми және ғылыми-зерттеу жұмыстарының тақырыптары.
- Оқытушылар, студенттер мен қызметшілер орындайтын рационализаторлық және шығармашылық жұмыстардың тақырыптары.

6 Тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыс, әскери-патриоттық тәрбие бойынша шаралар.

7 Бұқаралық-қорғаныс жұмысы.
8 Кафедраның оқу материалдық-техникалық базасын жабдықтау және жетілдіру (орындалатын жұмыстардың тізімі).
9 Есептер мен мәлімдемелер жасау.

---

Әскери кафедра бастығы ________________________________________

(әскери атағы, қолы)

Ескертулер:

1. Кафедра жұмысының айлық жоспары ұқсас нысан бойынша құрылады.
2. 4, 5 және 8 тарауларда тек тиісті жылдық жоспарлармен анықталған негізгі шаралар ғана көрсетіледі немесе "Командирлік даярлықтың бекітілген жоспарына сәйкес" деп көрсетіледі.

N 22 бапқа
2 қосымша

"Бекітемін"
Оқу орнының ректоры _________________
_________________
(қолы)

____ ж."___"__________

__________________________ әскери кафедра оқытушы құрамының
(оқу орнының атауы)
_________________ оқу жылына арналған жылдық оқу жүктемесінің
Есебі

```
----------------------------------------------------------------------
NN ! Қызметі   !Әскери оқу жылы оқу    ! Сағаттар саны
п.п.! әскери    !взводтарының әскери-   !--------------------------------
    !атағы аты- !есеп мамандығының      !    Күзгі семестр
    ! жөні,     !номері                 !--------------------------------
    ! әкесінің  !                       !Дәріс.!Взвод-!Жарты. !Емти.!Сынақ.
    !   аты     !                       !тер   !пен   !лай    !хан. !тар
    !           !                       !      !      !взвод. !дар  !
                                                       пен
----------------------------------------------------------------------
```

таблицаның жалғасы

```
----------------------------------------------------------------------
      !     !
      !     !---------------------------------------------------------
```

```
т.б. !бар. !       Көктемгі семестр                  !Семестрде !
